



## 4000 ҚАЗЖЫЛЫҚ ОРНЫ БӨЛІНДІ

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Сауд Арабиясына сапары барысында Жидда қаласында Сауд Арабиясының Қажылық және ұмра министрі Тауфиқ ибн Фаузан ар-Рабиамен кездесті.

Кездесу барысында министр Қазақстанға 2026 жылғы қажылық маусымына 4000 қажылық орны бөлінгенін хабарлады. Сондай-ақ кездесу барысында тараптар 2026 жылғы үлкен қажылық маусымын жоғары деңгейде ұйымдастыру мәселелерін жан-жақты талқылады. Бас мүфти қажылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қызмет сапасын арттыру, орналастыру және көлік жүйесін жетілдіру, сондай-ақ ақпараттық және медициналық қызмет көрсетуді тиімді үйлестірудің маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ кездесуде визасыз, яғни заңсыз жолмен қажылық ұйымдастыруға тырысатын фирмалардың қызметіне тосқауыл қою мәселесі талқыланды. Бұл бағытта екі тарап өзара ынтымақтастық пен ақпарат алмасуды күшейтуге уағдаласты.

«Сауд Арабиясы қажылық қызметін ұйымдастыруда жыл сайын жаңа технологиялар мен тиімді шешімдерді енгізіп келеді. Бұл қажылардың сапарын жеңілдетіп, қызмет сапасын арттыруға жол ашады. Алдағы маусымның да табысты өтуіне сенім мол» деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Өз кезегінде министр Тауфиқ ибн Фаузан ар-Рабиа Қазақстанмен серіктестікті жоғары бағалап, қажылық бағытындағы байланыс одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді. Ресми кездесуден кейін тараптар 2026 жылғы үлкен қажылық маусымын ұйымдастыруға қатысты екіжақты келісім құжатына қол қойды.

## КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

ҚМДБ «Уақып» қайырымдылық қоры елордада кәсіпкерлерге арналған «Уақып – сарқылмас сауап» тақырыбында кездесу ұйымдастырды. Жиынға ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы қатысып, Діни басқарманың негізгі жұмыс бағыттары мен уақып мәдениетінің қоғамдағы орнына тоқталды.

Бас мүфти кәсіпкерлердің елдің рухани дамуына қосып жүрген үлесін атап өтіп, олардың қайырымды істеріне ризашылығын білдірді. Кездесу барысында «Уақып» және «Уақыпнама» сертификаттары табысталды. Еркебұлан Мылтықбайұлы Алматы қаласындағы ауқымы 100 шаршы метр болатын бизнес нысанын уақып етсе, Тілеген Теміржанұлы Батыс Қазақстан облысы Жанақала ауданындағы 100 шаршы метрлік сауда нысанын уақып етті. Сонымен қатар «Уақып» қоры мен кәсіпкер Бижан Маратұлы арасында Fajr Fresh жобасы бойынша 50/50 үлестік келісімі жасалды. Ал «Zaytun Muslim Market» және «Altun Deva» кәсіпкерлері уақыпнама сертификатын алды.

## АСАН ТІЛЕУБЕРДИЕВ – БӨЛІМ МЕНГЕРУШІСІ

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бұйрығымен Дін істері және талдау бөлімінің менгерушісі қызметіне Асан Тілеубердиев тағайындалды.

Асан Абдықұлұлы — бұған дейін діни салада әртүрлі деңгейдегі қызметтерде істеп, тәжірибе мен ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен дін қайраткері. Әр жылдары Алматыдағы «Орбита», «Омар ибн әл-Хаттаб» мешіттерінің бас имамы, Орталық мешіттің наиб имамы, Бас мүфтидің кеңесшісі т.б. қызметтер атқарған. Бас мүфти жаңа қызметке кіріскен бөлім басшысына сәттілік тілеп, оның бөлім жұмысын жүйелі жүргізіп, діни талдау бағытындағы қызметті жетілдіре түсетініне сенім білдірді.

## СИРЕК КІТАПТАР ҚОРЫ АШЫЛДЫ

Алматыдағы Ислам ғылыми-зерттеу институты жанынан Сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры ашылды. Салтанатты рәсімге ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, Ғұламалар кеңесі мен Сарапшылар кеңесінің мүшелері, дін ғалымдары және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Бас мүфти еліміздегі көптеген мешіттерде сақталған қолжазбалар мен сирек кітаптар қорының мол екенін атап өтіп, оларды бір орталыққа шоғырландыру, цифрландыру, ғылыми айналымға ендіру арқылы болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызды екеніне тоқталды. Институт директоры Төрәлі Қыдыр орталық жұмысы туралы кеңірек баяндап, қазіргі таңда қорда 100-ден астам сирек кітап пен қолжазбаның сақтаулы екенін мәлімдеді. Олардың ішінде Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет», Алтын Орда тұсында өмір сүрген Рағұзидің «Кисас ул-әнбия» секілді құнды жазба жәдігерлермен бірге Ислам ілімдеріне қатысты өзге де құнды еңбектердің бар екендігін атап өтті.

Сондай-ақ алдағы уақытта қордағы материалдарды толық цифрландырып, интернеттегі ортақ базада қолжетімді ету, каталогтау және ғылыми сипаттамасын жасау жұмыстары жоспарланып отыр.



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАДА ҚМДБ-НЫҢ 35 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН РУХАНИ КЕШ ӨТТІ. МЕРЕКЕЛІК ЖИЫНҒА БАС МҰФТИ НАУРЫЗБАЙ ҚАЖЫ ТАҒАНҰЛЫ, ҚАЛАМҒЕРЛЕР, ҒАЛЫМДАР, АРДАҒЕР ИМАМДАР МЕН ДІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Кеш барысында ҚМДБ-ның 35 жылдық мерейтойына арналып түсірілген деректі фильм көрермен назарына ұсынылды. Сонымен қатар рухани басқарманың тарихы мен руханият жолындағы қызметін айшықтайтын арнайы арнау орындалып, көрермендерге сахналық көрініс ұсынылды.

ҚМДБ Төрағасы рухани кеште: «Мұфтият ел бірлігі мен рухани тұтастықты сақтау, қоғамда имандылық пен ізгілікті насихаттау бағытында үздіксіз қызмет атқарып келеді. Алғашқы бас мүфтиміз Рәтбек қажы Нысанбайұлы бастаған ұлт руханияты жанаһырларының еңбегі бүгінгі дамудың берік іргетасына айналды. Одан кейінгі кезеңдерде де бас мүфтилер дәстүр сабақтастығын жалғастырып, Діни басқарманың өрісін кеңейтіп, ел мүддесіне қызмет етудің жаңа бағыттарын қалыптастырды», — деді.

ҚМДБ Төрағасы жиында әр жылдары бас мүфти қызметін атқарып, мұфтияттың қалыптасуына зор үлес қосқан Рәтбек қажы Нысанбайұлы, Ержан қажы Малғажыұлы және Серікбай қажы Оразға Діни басқарманың «Шарапат»

орденін табыстады. Сондай-ақ «Нұр-Мұбарак» университетінің оқытушылары, профессорлар Шамшәдин Керім, Мұхитдин Исаұлы, Алау Әділбаев және Али Рауыфұлы да марапатталды. Сонымен қатар рухани кеште Діни басқарманың 35 жылдығына арналған кітаптың ресми тұсаукесері өтті. Кітапта мұфтияттың 1990 жылы құрылған сәтінен бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихи жолы, қалыптасу кезеңдері т.б. қамтылған.

Алматы қаласына сапары барысында ҚМДБ Төрағасы Ғұламалар кеңесі мен Сарапшылар кеңесінің кезекті отырысына қатысты.



## СЫР ӨНІРІНЕ САПАР



ҚМДБ ТӨРАҒАСЫ НАУРЫЗБАЙ ҚАЖЫ ТАҒАНҰЛЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРЫП, БІРҚАТАР КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗДІ. БАС МҰФТИ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҰРҰЛЫБЕК НӨЛІБАЕВПЕН КЕЗДЕСТІ. КЕЗДЕСУДЕ АЙМАҚТАҒЫ ДІНИ АХУАЛДЫ ТҰРАҚТЫ САҚТАУ, МЕШІТТЕРДІ КАДРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, СОНДАЙ-АҚ ХАЛЫҚ АРАСЫНДА ДІН МЕН ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫН КЕҢІНЕН НАСИХАТТАУ БАҒЫТТАРЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ.

Қызылордада «Бабалар сөзі — даналық көзі» атты ІІІ республикалық жирышы-термешілер фестивалі өтті. Дін мен дәстүр үндестігін насихаттау, қазақ жирындағы мінезат дәстүрінің рухани-діни мәнін кеңінен көрсету мақсатында өткізілген фестиваль ҚМДБ-ның 35 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылды. Жиынға ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы, Қызылорда облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов пен зиялы қауым өкілдері қатысты. Бас мүфти өз сөзінде жирышылық дәстүрдің халқымыздың рухани өміріндегі орнын атап өтті.

Фестиваль барысында еліміздің әр өңірінен келген жирышы-термешілер өнерін көрсетті. Аманкөс Садықов (Алматы облысы), Темірбек Асқамбаев (Манғыстау облысы), Ербол Қуанбек (Жетісу облысы), Руслан Ахметов, Айдос Рақматов, Нұртілек Ақтаев, Жанболат Өмірзақ, Әділхан Қуанбаев (Қызылорда облысы), Күнсұлу Түрікпен (Астана қаласы), Ербол Қалмырзаев (Шымкент қаласы) мінезатқа, ізгілікке

арналған жыр-термелерді шебер орындап, көрерменге ерекше рухани әсер сыйлады. Кеш соңында барлық өнерпаздар Бас мүфтидің алғыс хатымен марапатталды. Айта кетейік, көне діни өлеңдер мен мінезат жырларын жанғыртуды мақсат еткен бұл фестиваль үшінші рет республикалық деңгейде ұйымдастырылды. Бұған дейін 2022 және 2023 жылдары өткізілген болатын.

Бас мүфти қатысқан тағы бір іс-шара Қызылорда қаласындағы 150 жылдық тарихы бар «Айтбай» меші-



тінде өтті. Бас мүфти мұнда бабалар рухына арналған Құран хатм дұғасына қатысып, игі дәстүр бойынша ел игілігі үшін дұға жасады. Іс-шараға сондай-ақ Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Данияр Жаналинов, облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Әбішұлы Дүйсенбаев және дін қызметкерлері қатысты.

ҚМДБ Төрағасы сондай-ақ «Айтбай» мешітінің 150 жылдық тарихына арналған «Айтбай» мешіті: аңыз бен ақиқат» кітабының тұсаукесер рәсіміне қатысты. Бас мүфти өз сөзінде: «Сыр өңірінде тарихы тереңнен бастау алатын Алла үйлері жетерлік. Солардың арасында «Айтбай» мешітінің орны ерекше. Себебі

## АЛМАТЫДАҒЫ РУХАНИ КЕШ

Ғұламалар кеңесінің 46-мәжілісінде дипностальгия (Deep Nostalgia), биотокпен емдеу, фолловер санын ақыға арттыру, BNPL (Buy Now, Pay Later) жүйесі арқылы мүлік сатып алу, дипфейк (deepfake) мәселелерінің пәтуасы шығарылды. Сондай-ақ мәжілісте «MUFTIYAT» баспасынан жарық көрген «Ислам

2025 жылы атқарған жұмыстары жөніндегі есеп ұсынылып, негізгі бағыттар бойынша баяндама жасалды. Сондай-ақ «Қазақстан мұсылмандарының ортақ құндылықта тұғырнамасы» құжаты жан-жақты талқыланып, оның мазмұнын толықтыруға қатысты сарапшылардың ұсыныстары тыңдалды.



энциклопедиясы ІІ том» және «Пәтуалар жинағы 1-5 том» кітабының тұсаукесері өтті.

Ал Сарапшылар кеңесінің 9-мәжілісінде Діни басқарманың

Кеңес отырысында діннің атын жамылып қате пәтуа беретіндерге, әлеуметтік желілерде дінді теріс танытып, қоғамда түсінбеушілік тудыратын ақпарат таратушыларға қатысты мәселелер талқыланды. Сарапшылар бұл бағытта ақпараттық түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет екенін атап өтті. Сонымен қатар отбасы институтының әлсіреуі мен ажырасу деңгейінің артуы да күн тәртібіндегі маңызды тақырыптардың бірі болды. Жиынға қатысушылар шариғат тұрғысынан шешім жолдарын, отбасылық құндылықтарды насихаттаудың тиімді тетіктерін және қоғамдағы түсіндіру жұмыстарын күшейту бағыттарын ұсынды.



ол Қызылорда облысындағы ең көне құлшылық үйі ғана емес, сәулет өнерінің де ең көркем ескерткіші саналады. «Айтбай» мешіті өзінің 150 жылдық тарихында басынан талай ақтандық кезеңдер мен нәубетті жылдарды өткізді», — деді. Сондай-ақ іс-шара барысында қатысушыларға тарихи деректерге негізделген деректі фильм ұсынылды.

Сондай-ақ «Айтбай» мешітінің 150 жылдық тарихына арналған тың деректер көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде мешіт тарихына қатысты

рымдылық жобасы бойынша облыстық Отбасын қолдау орталығы ұсынған тізім негізінде 100 мұқтаж отбасыға азық-түлік себеттері тартылды. Көмек алғандардың қатарында көпбалалы аналар, мүмкіндігі шектеулі жандар және ерекше бала тәрбиелеп отырған отбасылар бар. Сонымен қатар Бас мүфти «Өмірге үміт сыйла» акциясы аясында науқас балалардың ата-аналарымен кездесіп, балалардың ем-домына қажетті қаржылай сертификаттарды табыстады.

ҚМДБ Төрағасы өңірге сапары барысында Қызылорда облыстық «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінде бесін уағзын айтты. «Алаштың алыптары да, елін ұйыстырған билер де, жүректерге иман нұрын сепкен ишандар мен ахундар да осы қасиетті Сыр топырағынан шықты. Мұндай өңірге руханият туралы сөз айтылса, оның жүрекке жетпей қалуы мүмкін емес. Бұл — ихсанның дәл өзі. Өйткені ихсан дегеніміз — көркем мінезбен, ізгі амалмен Алланың разылығын іздеу. Біз ата-бабамыздан қалған осы рухани байлықты жалғастыруға міндеттіміз» деді Наурызбай қажы Тағанұлы. Уағыздан кейін ҚМДБ Төрағасы Сыр жамағатымен бірге бесін намазын оқып, еліміз бен жеріміздің тыныштығы үшін дұға жасады.

Сондай-ақ Бас мүфти өңірдің рухани өміріне елеулі үлес қосып жүрген бірақтар дін қызметкерлерін ҚМДБ-ның 35 жылдық мерейтойлық медалімен марапаттады. Салтанатты рәсім барысында ҚМДБ Төрағасы марапат иелерін арнайы құттықтап, олардың өңірдегі рухани тұрақтылықты сақтаудағы, жастарды имандылыққа тәрбиелеудегі, жамағатпен жүйелі жұмыс жүргізудегі еңбегін жоғары бағалады.

(Басы 1-бетте)

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әйелдеріне жақсы қарайтын. Көңіліне қаяу түсіріп алмауға қатты мән беретін. Тіпті олардың сыртқа шығармаған ішкі сезімдерін де аңғара қоятын. Айша (оған Алла разы болсын) анамыздың: «Алла елшісі маған: **«Сенің өзіме риза кезінді және ашуланғаныңды білемін» дейтін**», — деген сөзі осыны аңғартса керек. Әйелдерінің бірі ауырса, бәйек болып, бар камкорлығын көрсететін. Жарының жақсылықтарын айтып, оларды мактайтын. Отбасын намазға оятаып, намазды өз уақытында оқуына, құлшылықты ыждағатпен орындауына көңіл бөлетін.

Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда біздің қоғамда ер мен әйел арасында жанжал өршіп, мұның соңы ажырасуға әкеп соғуда. Мұның негізгі себебі — ер мен әйелдің бір-бірінің ішкі сезімін түсіне алмауы. Әйел — жаратылысынан сезімтал жан. Оның ішкі сезімін түсіну үшін ер адамға даналық пен сабырлық ауадай қажет. Бұл ретте Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ұстамдылығы мен көркем мінезі үмбеті үшін әрқашан өнеге болары хақ. Оның әйел мінезіне деген сабыры ерекше еді.

Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әйелдерінің бірінің үйінде отырғанда бір жұбайы оған бір ыдыспен тамақ жібереді. Пайғамбар үйінде отырған анамыз тамақ әкелген қызметкердің қолын сермеп жібереді. Жерге түскен ыдыс сынып, ішіндегі тамақ шашылып қалады. Сонда Алла елшісі ыдыстың сынықтары мен шашылған тамақты өз қолымен жинай бастайды. Әйелінің бұл әрекетіне бар болғаны: **«Аналарың қызғанды»**, — деп көркем мінезін паш етеді.

Осыған ұқсас тағы бір оқиға бар. Бірде Әбу Бәкір (оған Алла разы болсын) Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үйіне келсе, Айша анамыздың (оған Алла разы болсын) дауысы қатты шығып жатыр екен. Осы сәтте Әбу Бәкір ішкі кіруге рұқсат сұрайды. Ашумен үйге кірген ол қызына: «Сен Алла елшісіне дауыс көтеріп жатырсың ба?» — деп, оны жазаламақ болады. Осы кезде Пайғамбарымыз әйеліне араша түсіп, Әбу Бәкірдің өз қызына қол жұмсауына кедергі болады. Сөйтіп ол ашуланып, сыртқа шығып кетеді. Сонда Пайғамбарымыз Айша анамызға: **«Көрдің бе, мені? Сені құтқарып қалдым ғой»**, — дейді.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамдарды масылдықтан қайтарып, еңбек етіп, маңдай термен нәпақа табуға тәрбиелейтін. Сахабаларын тіленуден тыятын. Әнастан

## Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ, ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

# Жақтайлы МҰХАММЕД



(оған Алла разы болсын) жеткен хабарда бір кісі Пайғамбарымыздан қайыр сұрап келеді. Осы кезде Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) одан: **«Үйіңде бір нәрсе бар ма?»** — деп сұрайды. Ол: «Иә, жерге төсейтін кілемше және су ішітен ыдыс бар», — деп жауап береді. Пайғамбарымыз осы екі затты алып келуді бұйырады. Сөйтіп екі затты қолына ұстап, айналасындағыларға: **«Мына екі затты кім сатып алады?»** — дейді. Бір сахаба оны екі дирхамға сатып алады. Алла елшісі ақшаны әлгі кісіге ұсынып: **«Бір дирхамға үйіңе азық сатып алып, отбасыңның қажетіне жұмса. Ал екіншісіне шот сатып ал да, маған кел»**, — дейді.

Ансарлық сахаба дәл осылай істейді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ол әкелген шотты алып, өз қолымен саптап: **«Барып отын шап, сені он бес күн көрмейтін болайын»**, — дейді. Әлгі

адам Алла елшісінің кеңесі бойынша отын шауып, оны сатып, жағдайын түзей бастайды. Арада аз уақыт өткен соң Алла елшісінің алдына он дирхаммен келеді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тағы да кеңес беріп: **«Оның біразына азық, біразына киім ал. Бұл сен үшін (біреудің алдына) барудан жақсы. Тленілік қиямет күні жүзіңде теңбіл дақ болады. Негізінде тақыр кедейден, қарызға белшесінен батқан (адам) мен құл төлеуге тиіс болған (адамнан) басқаға қайыр сұрау дұрыс емес»**, — деп өмір бойы өсиет болатын сөзін жеткізеді.

Әрине бұл кезде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ол адамға мұсылмандардың ортақ қазынасынан қаражат бөлдіруіне немесе бақуатты сахабалар арқылы көмектесуіне болар еді. Алайда Алла елшісі оны қайыр сұраудан тосып, еңбек етуге үйретті. Осы

лайша өзгелердің қолына қарап, олардан дүние дәмету дұрыс емес екенін іспен көрсетті. Осы арқылы сол жерде болған адамдарға тәлім беруді және мәңгілікке өшпес ғибрат қалдыруды қалады. Ол үмбетіне осы тәлімді сіңіру үшін әлгі ансардың бұйымын өзі сатып, ол әкелген шотты өз қолымен саптады. Сөзбен насихат айтып қана қоймай, іспен еңбекке баулыды. Бір адамның отбасылық жағдайының түзелуіне соңына дейін тікелей өзі араласты.

Ол ерекше жомарт жан еді. Біреуге көмектесуде алдына жан салмайтын. Кедәйліктен қорықпай, қолындағы барымен бөлісетін. Оның жаны да таза, қолы да ашық еді. Бір кісі Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) екі таудың арасын толтыратындай көп қой сұрайды. Алла елшісі оның өтінішін екі етпей орындайды. Оның мұндай жомарттығына ерекше таңқалған әлгі кісі өзінің тайпаластарына барып, тебіреніспен былай деген екен: «Ұа, тайпаластарым! Исламды қабылдаңдар! Алламен ант етейін, ақиқатында Мұхаммед кедейліктен қорықпастан сұраған дүниені береді екен». Әнәс ибн Мәлик (оған Алла разы болсын) осы оқиғаны жеткізген соң: «Егер кісі дүниені ғана қалап, Исламды қабылдаса, дінге кірген сәтте Ислам ол үшін дүние мен ондағылардан сүйікті болып кететін», — деген.

Касиетті кітабымыз Құран Кәрімде мынадай аяттар бар: **«Алла әділдікке, жақсылыққа бұйырады»** («Нахл» сүресі, 90-аят); («Оларға»): **«Мен сендердің араларына әділдік етуге бұйырылдым» деп айт**» («Шура» сүресі, 15-аят). Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) осы аяттарға әрдайым амал ететін. Нәтижесінде адамдар арасындағы ең әділ жан болды. Айша (оған Алла разы болсын) анамыздың хабарлауы бойынша, бәну махзум руынан шыққан бір әйел ұрлықпен ұсталады. Шариғатымыз бойынша оның қолы кесілуі керек. Кейбір адамдар әлгі әйелге жаны ашып, оған араша түсудің жолын іздей бастайды. Олар Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) кімді жіберерін білмей, соңында тандауы Алла елшісінің жақын адамы Усама ибн Зәйдеке түседі. Өйткені одан өзге адамның бұл іске батылы жетпес деп топшылайды.

Сөйтіп оны Алла елшісінің алдына жібереді. Әйелге араша сұрап келген әлгі сахабаға Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Аланың үкімдерінің біріне араша түскің келе ме?»** — деп кесімді жауабын қайтаралды. Осыдан кейін адамдардың алдына шығып былай дейді: **«Сендерден алдыңғыларды құртқан жағдай мынау: олар егер беделді**

**адам ұрлық істесе, оны жайына қалдырып, әлсіз адам ұрлық істесе, оған үкім қолданатын. Алламен ант етемін! Мұхаммедтің қызы Фатима ұрлық істесе де қолын кесер едім!»**. Осылайша әділдіктің үлкен үлгісін көрсетеді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әрдайым әділ билік жүргізетін. «Тура биле туған жоқ, туғанды биле иман жоқ» деп халқымыз айтқандай, үкім шығарар сәтте бәріне бірдей болатын.

Жоғарыда баяндалған оқиғадан анық байқағанымыздай, егер тіпті қызы Фатима (оған Алла разы болсын) ұрлық жасаса да оның қолын кесу туралы әмір беруге дайын еді. Өйткені әділдік — қоғамдағы тәртіптің темірқазығы. Әділдікті ұстанып, қоғамда дұрыс тәртіп орнату — Алланың әмірі. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Мен көркем мінезді кемеліне жеткізу үшін жіберілдім»**, — деген. Көркем мінез дегеніміз — тәртіпке бағыну, аманатқа адал болу, уәдеде тұру. Бауыржан Момышұлы: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды», — деген. Сондықтан қоғамдық тәртіпті сақтап, әділдікті ұстану дамуға бастар жол екенін естен шығармаған абзал.

Тәртіп пен әділдік әрбір азаматтың өзіне тиесілі қызметіне немесе жұмысына деген жауапкершіліктен бастау алады. Сонымен бірге қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде басшылық қызметтегі елжанды азаматтардың белсенділігі де айрықша рөл атқарады. Ислам қағидаларына зер салсақ, мінсіз тәртіп пен ғажайып жүйеге куә боламыз. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Басшы — қақпан»**, — деген. Бұл хадисте билік тізгінін ұстаған тұлғалардың ең маңызды міндеті айтылууда.

Осы ретте айта кетер жайт, біздің елімізде де қоғамның тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы қабылданды. Бұл тұжырымдама қоғамда құқықтық мәдениетті арттыруды, жастарды жамандық пен қылмыстан сақтауды, қауіпсіздік пен тәртіпті нығайтуды көздейді. Бұл бастамалардың барлығы асыл дініміздің баға жетпес құндылықтарымен ұштасалы. Әділдік, жауапкершілік, тәртіп, аманатқа адал болу және қоғамға пайдалы болу — баршамызға ортақ асыл міндет.

Сондықтан тәртіп пен әділдікті әуелі өзімізден бастағанымыз дұрыс. Қарапайым жол ережесін сақтауға, біреуге зиян тигізуден аулақ болуға, жақсылыққа жәрдемдесуге, аманатқа адал болуға ұмтылайық. Әуелі өзіміз өзгерсек, қоғам өзгереді. Қоғам өзгерсе, иншалла, ел өзгереді.

# КӨРКЕМ МІНЕЗДІН ШЫҢЫ

## ТАҒАФУЛЬ

Қазақта «ғапылдық» деген сөз бар. Түп-тамыры араб тілінен, шариғаттан негіз алады. Тілдік мағынасы «елемеу», «көңіл бөлмеу», «бейқамдық», «немқұрайлық» болса, шариғаттағы мағынасы «Раббысын ұмыту», «Алланың алдындағы міндеттерін, жауапкершілігін сезінбеу» дегенге саяды. Бұл сөз Алла Тағаланың әмір-тыйымдарына құлақ аспай, бұл дүниенің сынақ екенін ұмытып, тек дүниелік мәселелермен, нәпсі қалауының жетегінде кеткендікті білдіргендіктен, әдетте жағымсыз мағынада қолданылады. Дейтұрғанмен, осы сөзбен түбірлес, тіпті аудармасы да ұқсас, бірақ мағынасы мүлдем керісінше «тағафуль» деген сөз бар. Арабша «тағафуль» сөзі «адамдардың кемшіліктерін байқамауға тырысу», «елемеу», «көрмегену», «бетіне баспау», «қайтапал есіне салмау», «соған қадалып алмау», «кеңшілік, жеңілдік таныту» деген мағынаны береді.

## АЛЛА ЕЛШІСІ ҚАНДАЙ ЕДІ?

Ғалымдар «тағафуль» сипаты Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бойындағы қасиеттердің бірі болғанын айтады. Пайғамбардың адамдармен жеңіл қарым-қатынаста болу, мәселені ауырлатпау, кешірімді болу, кеңшілік таныту қасиеттері жайлы айтылған хадистер, қиссалар жетерлік. Солардың бірнешеуін тізілеп көрейік. Әйгілі сахаба Әнәс ибн Мәлик Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былайша еске алады: «Он жыл бойы Алла елшісіне қызмет еттім. Сол он жылдың ішінде ол маған «түһ» деп ешқашан

кейіс білдірмеді. Істеген бір ісіме «неге оны солай жасадың» деп, я болмаса істемеген бір ісіме «соны істеуің керек емес пе еді» деген емес». Ғалымдар бұл хадисті түсіндіргенде, мынадай бір ой айтады. Әнәс бала күнінен Алла елшісіне қызмет көрсеткені анық. Ал кез келген баланың балалық жасауы, бір нәрсені дұрыс істемеуі, бүлдіруі қалыпты жайт. Мұндағы алар тағылым — Алла елшісінің Әнәстің кемшіліктерін байқамауға тырысуында, көрсе де, көрмегендей болуында. Сол себепті де оған ескерту жасамаған делінеді.

Ухуд тауы маңында меккелік мүшріктермен болған шайқаста меккеліктердің басымдыққа ие болып, мұсылмандарды тықсырып, тіпті Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өміріне қауіп төндіргенін білеміз. Шайқас барында Алла елшісі стратегиялық маңызы бар төбеге жауға тосқауыл болуға бекіткен мұсылман садақшыларының басым бөлігі бұйрықты орындамай, садақшылардың басшысы Абдулла ибн Жубайрдің ескертуін тындамастан, жау олжасынан құр қалмайық деген оймен төбені тастап кетуі мұсылман тарапының үлкен шығынға ұшырап, жеңілуіне себеп болды. Шайқас аяқталған соң Алла елшісі бұйрығын тындамай, қаншама сахабаның шейіт болуына себепкер болған садақшыларға қандай жаза қолданды? Ешқандай, тіпті ескерту де айтпаған. Ол ол ма, тіпті оларды кейінгі болатын жорық мәселесін ақылдасатын жиына шақырып, кеңесуге қатыстырғаны айтылады. Қызығы сол — Ухуд шайқасында төбеді болған 50 садақшы сахабаның басшысы Абдулла ибн Жубайрдан басқа ешқандай садақшының

есімі аталмайды. Бізге жеткен діни, тарихи кітаптардың ешқайсысында жоқ! Алла елшісінің тәрбиесін көрген сахабалар да олардың кім екенін бір-біріне айтпаған. Олардың бала-шағалары да естімеген. Тіпті кейінгі кезеңде сахабалар арасында орын алған араздық кезінде де бір-біріне Ухуд шайқасындағы кемшілікті бетке басқаны жайлы еш дерек жоқ.

Мәдинада мұсылман әскерінің басы құралып, Меккені алуға жиналып жатқан шақта Алла елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Раббысының уахи етуімен меккеліктерге хабар жеткізуге құпия хат әкетіп бара жатқан әйел ұсталады. Кейін бұл әйелді жұмсаушы Пайғамбардың сахабасы Хатиб ибн Балтаға екені белгілі болады. Хатиб әшкері болған бұл әрекетін Аллаға, оны елшісіне опасыздық жасау үшін емес, Меккеде қалған отбасына қатер төнбеуін көздеп жасағанын түсіндіреді. Өйткені оның отбасы басқа нижрет еткен сахабалардікі секілді Құрайыш тайпасынан болмағандықтан, ол жақта отбасына ара түсе қоятын туыстары жоқ еді. Әдетте әскери кезеңде мұндай қылмыс ең ауыр жазаға негіз болады. Алайда Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Хатибтің ниетінің адал екенін түсініп, оған кешірім жасайды. Хатибтің басын алуға рұқсат сұраған Омарға: «Жоқ, Омар! Ол Бәдір шайқасына қатысқан жоқ па?! Алла Бәдір шайқасына қатысушыларға қарап тұрып: «Не қаласандар, соны істендер! Сендерге жәннат дайындалды, өйткені күнәларың кешірілді», — деген

болар?!» деп, жазалауға рұқсат етпейді. Хатиб Бәдір шайқасынан бастап Пайғамбар әскерінің барлық үлкен шайқасына қатысқан, мерген садақшы болды.

Айта берсек, Алла елшісінің өмір тарихы «тағафуль» сипатына қатысты осы тақылеттес мысалдарға толы. Тіпті бойындағы асыл қасиеттерін танытатын оқиғалардың басым көпшілігі осы сипатпен байланысты десек, қателеспеспіз.

Қияметте пенденің есеп таразысында ен ауыр тартатын қасиет көркем мінез болса, «тағафуль» — осы көркем мінездің нақ өзі. Өйткені адамның табиғатына жақсы адаммен, жағымды, әдемі, дұрыс нәрсемен әдепті мәміле жасасу оңай, ал біреудің кемшілігіне, өзіне қатысты әділетсіздікке, «қиын» жандармен қатынас жасасуда көркемдікке салыну — қиынның қиыны. Мүмкін, сондықтан да болар, имам Ахмад ибн Ханбал: «Көркем мінездің тоқсан пайызы — тағафульде» деп, бұл сипатқа жоғары баға берген.

## БҰЛ СИПАТТЫҢ ИЕСІНЕ БЕРЕРІ НЕ?

Бұл сипатқа ие болған адам Алланың

мейіріміне бөленеді. Алла Тағала Құранда: **«...Керісінше, ғафу етіп, кеңшілік жасасын. Әлде, Алланың өздеріне кеңшілік жасағанын қаламайсыңдар ма?»** («Нұр» сүресі, 22-аят) дейді. Демек кешіру, кеңшілік жасау, біреудің кемшілігін жасыру — Алланың сізге деген кеңшілігіне алып келетін қадам. Иесіне жан тыныштығы мен көңіл рахатын береді. Бұл мінезді

белгісіздікке, «қиын» жандармен қатынас жасасуда көркемдікке салыну — қиынның қиыны. Мүмкін, сондықтан да болар, имам Ахмад ибн Ханбал: «Көркем мінездің тоқсан пайызы — тағафульде» деп, бұл сипатқа жоғары баға берген.

Бұл сипатқа ие болған адам Алланың мейіріміне бөленеді. Алла Тағала Құранда: **«...Керісінше, ғафу етіп, кеңшілік жасасын. Әлде, Алланың өздеріне кеңшілік жасағанын қаламайсыңдар ма?»** («Нұр» сүресі, 22-аят) дейді. Демек кешіру, кеңшілік жасау, біреудің кемшілігін жасыру — Алланың сізге деген кеңшілігіне алып келетін қадам. Иесіне жан тыныштығы мен көңіл рахатын береді. Бұл мінезді

Қанат ҚЫДЫРМИН,

Республикалық

бас мешіттің имамы

(Басы 1-бетте)

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұл шешімі өте орынды болды. Өйткені Эфиопия шын мәнінде меккелік мұһажирлер үшін бейбіт мекен, қауіпсіз орын болды. Ол жақта ең жақсы қамқоршы, әділ басшы Нәжашидің қорғауында болады. Діні мен өмірі үшін қорқуға себеп қалмайды. Ешкімнен қорлық көрмей, Алла Тағалаға еркін құлшылық етеді.

Осы ретте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) неліктен Эфиопияны таңдады деген сұрақ туады. Алла Елшісінің тандауында үлкен даналық бар еді. Әуелі Нәжаші әділ патша болды. Бұған екі дүние Сәруарының мына сөзі дәлел: *«Мүмкін сендер Эфиопия жеріне барарсыңдар. Ол жерде ешкімге зұлымдық жасamayтын әділ патша бар»*.

Нәжаші тақуа, діндар адам болатын. Оның әділдігі мұсылмандарға деген жылы қабағы мен қамқорлығынан көрінді. Оларды жылы қарсы алып, пана болды. Жағфар ибн Әбу Тәліп (оған Алла разы болсын) оған Құран аяттарын оқығанда бұл Нәжашидің жүрегіне қатты әсер етіп, көз жасына ерік береді.

Эфиопия құрайыштардың сауда орталығының бірі болды. Сауда құрайыштар экономикасының негізгі тірегі еді. Эфиопия Араб түбегіндегі белгілі сауда аймағы болғандықтан, арабтар бұл жер туралы сол жақта болған саудагерлердің әңгімелерінен білетін. Саудагерлер ол жерде мол ризық пен табысқа кенелетін. Осылайша Эфиопияда сауда істері жақсы дамыды. Эфиопияның тағы бір ерекшелігі — ең қауіпсіз мекен болғанында. Сол заманда Эфиопия мұсылмандар үшін ең қауіпсіз жер саналды. Құрайыштардың бұл елде ешқандай ықпалы жоқ еді. Сол үшін алғашқы мұсылмандар легін Меккеге қайтарып алуға күші жетпеді.

Әділ билеушісі бар елге береке орнайды. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Эфиопияны жақсы көретін және ол туралы көп білетін. Сол үшін оны қоныс аударуға ең лайық жер деп санады. Бұған бірнеше себеп бар еді. Эфиопиялықтар христиандің ұстанатын. Христиан діні Ислам дініне мүшріктер ұстанатын пұтқа табынушылық сеніміне қарағанда әлдеқайда жақын.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Эфиопия жайында көп мәлімет біліп қана қоймай, Арабияны қоршаған мемлекеттердің саяси жағдайын жақсы түсінетін. Сондықтан осы мемлекеттердің ішінен Эфиопияны тандап, сахабаларының өмірі мен дініне қатысты қауіпсіздік шараларын қабылдады. Бұл шешім Алла елшісінің қырағылық қасиетін, саяси сауатының жоғары болғанын айғақтайды.

#### ДАНАЛЫҚ

Меккеде мұсылмандарға қысым күшейіп, өмір сүру мүмкін болмаған сәтте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алланың әмірі бойынша сахабаларын Мәдина қаласына қоныс аударуға үндеді. Ислам тарихына қатысты еңбектерде жазылғандай, Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Мәдинаға қоныс аударуы өте мұқият жоспарланған еді. Ол ұсақ-түйек істерге ділін ойластырып қойған болатын. Нағыз көшбасшы адамға лайық түрде әрекет етті. Істің барлық себебін жасап, сонымен бірге Аллаға тәуекел етті. Оның іс-әрекеттерінен мұсылман үшін жоспарлау аса маңызды іс әрі мұның мүмкінге міндет екенін көреміз. Жоспарлаудың сүннет амалдың бірі екенін түсінеміз. Мұсылман «бәрі өздігінен болады, тек Аллаға тәуекел етсе жеткілікті» деген түсініктен арылуы керек. Мұндай ұстаным яки көзқарас әуелі адамның өзіне, дініне зиян тигізеді. Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Мәдинаға қоныс аударуға қатысты дайындығы мен жоспарлаған істерінен өзімізге алатын сабақ өте көп. Соның кейбіріне тоқтала кетсек. Көшуге қатысты әрбір сәт алдың ал ешпеніп, жоспарланды. Ол сенімді жолдасы Әбу Бәкірдің (оған Алла разы болсын) үйіне күн қатты ысып тұрған сәтте, яғни түс әлетінде келді. Бұл — адамдар далаға шықпайтын мезгіл. Бұған дейін ол ешқашан дәл осындай уақытта келмеген еді.

Ол ешкім танып қоймас үшін бет-жүзін жауып келді және Әбу Бәкірмен оңаша сөйлесуді өтінді. Сондай-ақ қай қалаға көшу керегін ашық айтпай, құпия сақтады. Сөйтіп олар жолға түнде әрі үйдің артқы есігінен шықты. Адамдар сирек жүретін жолмен сапар шекті.

# САҒ ҚЫРДЫ СӘРУАР



Бұл үшін шөлдің жолдарын жақсы білетін, бағытты анықтай алатын адамды жалдады. Ол мүшрік еді. Бірақ ол адал және сенімді болатын. Сондықтан Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оның қызметін пайдаланды. Пайғамбарымыздың бұл әрекетінен пайдалы білім мен тәжірибені кімнен болса да игі максаттар жолында алуға болатынын аңғарамыз.

Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ұзақ жолға ақылды әрі сенімді серік таңдады. Оның таңдауы түскен серігі өзіне тапсырылған істі асқан жауапкершілікпен әрі жанашырлықпен орындап шықты. Міндеттер әркімнің қабілетіне қарай бөлінді. Әркім өзі жақсы істей алатын жұмыспен айналысты. Бұл — Алла елшісінің даналығын айқындайтын көрініс.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Меккеде өз орнына, яғни төсегіне Әли ибн Әбу Тәліпті (оған Алла разы болсын) қалдырды. Бұл шешім өте орынды болды. Өйткені құрайыштар үйін қоршап тұрған кезде Алла елшісі оларға көрінбей кетіп қалды. Олар ояңғанда төсекте жатқан Әлиді көріп, оны Пайғамбар екен деп ойлады. Алла елшісі әлдеқашан кетіп қалғаны олардың ойына да келмеген. Кейін Әли Пайғамбарға аманат етіп тапсырылған заттарды иелеріне қайтарып берді. Содан кейін Мәдинаға барды.

Әбу Бәкірдің ұлы Абдолла (оған Алла разы болсын) Пайғамбар мен әкесіне Меккедегі жағдайды жеткізіп тұрды. Былайша айтқанда, құрайыштардың айтқандарын хабарлап отырды. Ал Әбу Бәкірдің қызы Асма (оған Алла разы болсын) тауға жасырынған Пайғамбар мен әкесіне азық-түлік жеткізіп жүрді. Ол мұндай аса жауапты істі сол кезде ашуға бұлыққан мүшріктер айналаны тінтіп жүрген уақытта жүзеге асырды.

Әмір ибн Фухайра (оған Алла разы болсын) қойшы болатын. Ол жұрт көзіне қой бакқан сынай танытып, үнгірдегі Пайғамбар мен Әбу Бәкірге сүт апаратын. Қойын қайырып, олардың ізін өшіріп отырды. Осылайша әр адам өзіне тиесілі міндетті мінсіз атқарып, болған жайттар жайлы сыр ашпады. Ал тәжірибелі жол көрсетуші Абдолла ибн Урайқыт белгіленген уақытта үнгірге екі түйе әкелді. Осыдан кейін Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мен Әбу Бәкір Мәдинаны бетке алды.

Барлық іс Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жоспарына сай өтті. Қоныс аударуға қатысты барлық себептер мен қажеттіліктер толық атқарылды. Ол Аллаға тәуекел етіп қана қоймай, жоспар сәтті жүзеге асу үшін аянып қалмады.

Максатқа жету үшін тиісті себептер мен қажетті қадамдарды жасау керек. Ал нәтижені толығымен Алла Тағаланың қалауына қалдырамыз.

Өзгелердің жан дүниесін бағындыра білген адам — нағыз көшбасшы. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз сахабаларына өте мейірімді әрі жанашыреді. Ол сахабаларының көбі қоныс аударып болған соң ғана Мәдинаға көшті. Ал Меккеде тек қоныс аударуға шамасы келмегендер, құрайыштар тұтқында ұстап қалғандар, сондай-ақ қоныс аударуға байланысты ерекше тапсырмасы бар сахабалар ғана қалған еді.

#### ҚОЛБАСШЫ

Құрайыш мүшріктері Бәдірде алған соққының әсерінен әлі де арыла алмай жүрген. Содан болған оқиғалар да олардың мұсылмандарға деген ызасы мен араздығын тіптен арттыра түсті. Арада тура бір жыл өткенде Мекке мүшріктері өздерімен ымыраға келген мүшріктер мен жалпы Исламға қарсы топтардың, тайпалардың басын қосады. Кек алу үшін құрылған әскер үш мыннан астам адаммен жолға шығады.

Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мың кісілік әскерімен Ұхұдка барып тоқтайды. Мұсылмандар арқасын Ұхұд тауына қаратып орналасады. Шайқаста жеңіске жету үшін Пайғамбарымыз жоспар құрып, соғыс тактикасын қояды. Елу садақшыны ыңғайлы төбеге орналастырып, оларға Абдулла ибн Жубәйрді басшы етіп тағайындайды. Оларға: *«Атты әскерді оқ ату арқылы бізден алыстатыңдар. Жеңсек те, жеңілсек те, біздің артымыздан ешкім келмейтін болсын. Орындарыңнан тапжыылмаңдар. Сендер жақтан бізге шабуыл жасалмайтын болсын»,* — деп бұйырды. Тағы бір риуаяттарда Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Біздің артқы жағымызды қорғаңдар. Бізді өлтіріп жатқанын көрсеңдер де, бізге көмектесуге келмеңдер. Біздің олжа жинап жүргенімізді көрсеңдер де, қосылушы болмаңдар»,* — дейді. Садақшыларға осындай бұйрық берген соң әскердің артқы шебіне қатысты күмән қалмаған.

Өкінішке қарай дүниеге деген қызушылықтың бір сәтке оянуы жоғарыдағы тапсырмалардың бәрі орындаусыз қалды. Садақшылар құрайыштың жеңілгенін, үш мың мүшрік қалдырып кеткен олжаның шашылып жатқанын көре сала орындарын тастап, майдан даласына қарай асығып, олжадан өз үлесін алып қалуға ұмтылды. Бұл қателік мұсылмандарды шығынға ұшырататы.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жақсы көретін көкесі Хамзадан (оған Алла разы болсын), жақын сахабаларынан айырылады. Алла елшісіне бұл оқиға қатты әсер етіп, дүниеден өткенше ұмыта алмайды. Ұхұд мұсылмандар үшін өте ауыр және зор сынақ болды.

Алайда Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дереу сахабаларын жиып, әскер жасақтауды жөн көреді. Сауы бар, жаралысы бар, Ұхұдка қатысқандардан жаңа әскер жасақтап, құрайыштың соңынан қуып, олардың кері аман қайтуға деген үмітін үзуді дұрыс көреді. Ұхұд шайқасына қатысты жазылған еңбектерде Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) садақшыларға мейірім көрсетіп, кешірім жасағаны ерекше баяндалады. Тіпті оларға реніш білдіріп, айып тақпаған. Керісінше жұмсақтық танытқан. Насихатын айтып, көркем мәміле жасаған. Бұл туралы Құранда былай баяндалады: *«(Уа, Мұхаммед!) Сен (сондай қиын шақта) Алланың рақымының арқасында ғана айналандағы адамдарға жұмсақ, биязы бола білдің. Егер дөрекі, тас жүрек болғанында маңайындағылардың бәрі сенен безіп, жан-жаққа тарап кетер еді. Ендеше, оларға кешіріммен қара һәм олар үшін кешірім тіле, сондай-ақ олармен әр істе кенесіп отыр. Егер қандай да бір іске бел бусан, бір Аллаға тәуекел ет. Шүбәсіз, Алла тәуекелшіл құлдарын жақсы көреді»* («Әли Иман» сүресі, 159-аят). Бір танқаларлығы Ұхұд шайқасы жайлы жазылған кітаптарда қателік жіберген садақшылардың есімі аталмайды. Былайша айтқанда, олар туралы мәлімет жоқ. Керісінше, қателіктен туған барлық зиянды Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз мойнына алғаны баяндалады. Бұйрыққа бағынбаған садақшылармен келесі жорықтың мәселесін талқылайды, әскери кеңес өткізеді. Бұл Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) нағыз қолбасшы екенін көрсетеді. Ол нағыз батыр, Алладан өзге ешкімнен қорықпайтын жан еді. Қандай сынақты да ерекше батылдықпен қасқайып тұрып қарсы алатын. Ұмбетінің ісін Раббысына тапсырып, тәуекел ететін. Қолбасшы болса да шайқас алаңынан табылатын. Тікелей соғысқа араласып, ешбір шайқастан шегінбейтін. Өйгілі сахаба Әли (оған Алла разы болсын): «Біз соғыс қызған кезде Алла елшісіне арқа сүйейтінбіз, ал ол ең алғы шепте жүретін», — дейді. Бара (оған Алла разы болсын) есімді сахабаның: «Алламен ант етейін, соғыс қызған шақта біз оны паналайтынбыз. Арамыздағы хас батырдың өзі оған таяу жүретін», — деген сөзі бар.

Хандақ шайқасында кәпірлердің шабуылынан қорғану мақсатында сахабалар қаланы айналдыра орқазуға кіріседі. Ор қазу кезінде үлкен тасқа тап болады. Оны бөліп тастауға шамасы келмеген сәтте Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көмегіне жүгінеді. Алла елшісі орға түсіп, тасты соққылаған сәтте ол шашылып түседі.

#### ДИПЛОМАТ

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мұсылмандықтың іргетасын бауырластыққа негіздеді. Меккелік және мәдиналық мұсылмандарды шынайы ниетпен бауырластырды. «Мен» деген түсінікті жойып, «біз» дейтін рухпен өмір сүретін мұсылмандардың алғашқы легін тәрбиеледі. Бауырластық бекіген сәтте надандық дәуіріндегі рушылдық дерті жойыла бастады. Адам тегіне, түр-түсіне, әлеуметтік деңгейіне байланысты емес, тақуалығына байланысты ілгері немесе кері кететінін жүрекке сіңірді. Жомарттық, толеранттылық пен бір-бірін жақсы көру сезімдері осы бауырластықта қайнап, жаңа қоғамды теңдессіз үлгіге толтырды.



Барлық іс Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жоспарына сай өтті. Қоныс аударуға қатысты барлық себептер мен қажеттіліктер толық атқарылды. Ол Аллаға тәуекел етіп қана қоймай, жоспар сәтті жүзеге асу үшін аянып қалмады. мақсатқа жету үшін тиісті себептер мен қажетті қадамдарды жасау керек. Ал нәтижені толығымен Алла тағаланың қалауына қалдырамыз.



Ансарлар мұһажир бауырларына қатысты үлкен мәрттік көрсетіп, асқан жомарттық танытты. Тіпті мұһажирлерге көмектесу үшін өзара жеребе тастады. Мұһажир кімге шықса, соның қамқорлығына өтті. Мұһажирлер мұндай шынайы ықыласты орынды қабылдап, шектен тыс жеке мүдде үшін пайдаланбай, қажет деңгейде ғана көмек алды. Меккеліктер Мәдинаға келген кезде Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Абдурахман ибн Ауф пен Сағд ибн Рабиғ есімді сахабаны бауырластырды. Сағд бауыры Абдурахманға байлығының тең жартысын ұсынды. Бауырының пейіліне разы болған Абдурахман мұның бәрінен бас тартып: «Алла Тағала отбасың мен дүниеме береке берсін. Базар қайда?» — деп, нәпақасын базардан тауып, тіршілік етті.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Мәдинаға келген соң ол жерде бұрыннан тұрып келе жатқан яһудилермен және жергілікті мүшріктермен кездесті. Оларды тықсыру немесе дұшпан көру саясатын ұстанған жоқ. Керісінше ол жерде яһудилер мен пұтқа табынушылардың болғанын жақсы қабылдап, оларға тең қарым-қатынас жасап, әркімнің өз дінінде қала алатынын білдіретін келісім жасауды ұсынды. Бұл келісімде Меккеден келген мұсылмандар мен мәдиналық мұсылмандарға қосылып, олармен бірге Алла жолында күрескендердің бір үмбет екені айтылған.

Сонымен қатар ортақ келісімде яһудилер мұсылмандар секілді Мәдинаны қорғауға қатысатыны және шыққан шығынға ортақ болатыны көрсетілген. Ауф тайпасының яһудилері мүміндермен бірге бір қауым екені, яһудилер өз діндерінде қала беретіні айтылған. Бұдан басқа бірнеше мәселелер қамтылған бұл келісім Мәдинада бейбітшілік орнату үшін мұсылмандардың яһудилермен өзара көмекке шынайы дайын болғанын көрсетеді.

Сондай-ақ бұл келісім дін еркіндігіне де кепілдік берді. Ешбір тайпамен соғысу және жапа шеккенді қинау туралы түсінік жоқ. Керісінше бұл келісімдегі сөздер зұлымдыққа ұшырағанға көмек беруді бекіте түсті. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келісімді сақтайтындарға Алланың жәрдемін сұрап, ал қиянат жасағандарға қарсы дұға жасаған. Мұсылмандар мен яһудилер қандай да бір дұшпан шабуыл жасаған жағдайда Мәдинаны бірге қорғауға келіскен. Мәдинаны тастап шыққысы келгендерге кету құқығының берілетіні, ал қалғысы келетіндердің қалу еркіндігі бар екені жазылған. Мұсылмандар бұл келісімді толық сақтады. Алайда екінші тарап сын сағатында, қол күші қажет кезде келісімнен тайқып, мұсылмандарға қарсы шабуыл жасаған мүшріктерге қосылып, екіжүзділік танытады. Әлі де бұл әдеттерінен танбай келеді... Оған қазір де куә болып отырмыз...

Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЛА

(Басы 1-бетте)

Жылқы малының жаратылысы мен түр-түсі, олардың қасиеттері Құран аяттары мен Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбардың хадистерінде көп айтылған. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) халыққа түсінікті болуы үшін қиямет күніндегі есеп-қисаптан өтетін жылдамдықты түсіндіргенде табиғат құбылыстарын атап, солардың ішінде жылқы малын көрсетеді. Хадисте былай делінеді: *«Адамдар отқа айдалады. Кейін ол жерден амалдарына сәйкес шығады: олардың әуелгілері найзағай жылдамдығымен, кейін (дауыл) желдей, кейін шапқан аттай, сосын жүгірген адамдай, сосын жылдам жүріспен, сосын жай жүріс жылдамдықпен шығады»* (Термизи). Хадисте «шапқан аттың жылдамдығындай» деп аттың күші мен жылдамдығы айтылып отыр. Тағы бір хадисте: *«Аттың жалынына жақсылық байланған, ол қиямет күніне дейін жүріп тұрады. Аттың үш түрлі жақсылығы бар: ат — ер жігіттің сыйы; ат — ер жігіттің абыройы; ат — ер жігіттің ауыртпалығын көтереді. Ал жақсылық (марапат) жазылатын ат — Алланың жолына шыққан ат. Бұл аттың сауабы оның иесіне жазылады. Бұл сауаптың ешбірі жоғалмайды. Оның барлығын Алла жазады»,* — делінеді (Термизи). Бұл хадистегі аттың бейнесін бірнеше жағдаймен салыстырып қарауға болады. Біріншісі, ат — береке. Оның жалынында жақсылық бар. Ол жақсылық өзінің иесіне қиямет күніне дейін сауап пен береке әкеледі. Екіншісі, ат — ер жігіттің сәні мен сыйы. Ертеде аты бар жігітті ермен тенеген. Үшіншісі, ат — ер жігіттің абыройы. Ер жігіт атқа мінгенде бойын түзіп, көкірегін керіп өзін абыройлы сезінген. Аты бар жігіттің әлеуметтік жағдайы да жақсы дегенді білдірген. Төртіншісі, ат — ержігіттің ыстығын да, суығын да көтеретін қасиетті жануар. Қасындағы сенімді серігі, арқа сүйер досы десек болады. Ал мына хадисте жылқы малының сұлулық символикасы білдірілген: *«Аттың сұлуы — сарғылт түсті болуы»* (Термизи). Араб тайпалары арасында ең қымбат түйе қызыл түйе саналады. Сол секілді бұл хадистен аттың әдемісі сарғылт түсті ат екенін білеміз. Мұнда аттың кез келген адамның қолы жете бермейтін нығмет, байлық екенін көреміз.

Тағы бір хадисте Пайғамбарымыз жылқы малының тегін құртауды бұйырады: «Алланың елшісі бізге дәретті дұрыс алуға, садаканы жемеуге және есек пен атты бұдандастырмауға бұйырды» (Термизи). Бұл хадис аттың тектілігін көрсетеді. Қазақ халқы да жылқыны таза, сұлу, текті деп біледі. Жылқыны малдың асылы деп санайды. Хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жылқының тектілігін бұзбас үшін қасындағы сахабаларына мұндай әрекеттен сақ болуға бұйырады. Бір сөзбен айтар болсақ, жылқы малының символикасы кей хадистерде жылдамдық пен күштілікке тенелсе, басқа хадистерде оның тазалығы мен сұлулығына ишара етілген.

# Хадистердегі ТӨРТ ТҮЛІК СИМВОЛИКАСЫ



Қазақ халқы қандай жағдайда болмасын мейлі ол той жиын болсын, мейлі құдайы ас болсын, мейлі жанадан дүниеге келген нәресте болсын, қысқасы, қай кезде болмасын қой сою, оны құрбандыққа шалу дәстүрімізде берік орнаған. Тіпті халық қойды ортаңғы әлемнің символы ретінде қараған. Қазақ халқы қойдың әр түріне қарай бағу жолы мен көбейтудің жолын қыр-сырына дейін жан-жақты меңгерген. Тіпті сойылған қойдың әр мүшесін келген мейманға қарай қояр жолы бар. Айталық, қойдың басын — қарияға берсе, құлағы — балаларға, тілі мен тандайы — бойжеткен қыз бен балаға, төсі — күйеу балаға және т.б. арналған. Қой малына қатысты бірнеше мақал-мәтелдерді келтірер болсақ: «Қой алты күн аштыққа шыдайды», «Ақсақ қой жатып семіреді», «Тойған қозы момақан», «Қой семіз болса, ішіндегісі егіз болады», «Қой өрісі қорадан», «Қой үріккен жағына беттемейді», «Қой егіз тапса, шөптің басы айыр шығады», «Қой ақсағымен мың болар», «Қойың болмаса, байлықта ойын болмасын», «Мал өсірсен, қой өсір, өнімі оның көл-көсір», «Қос аттылымен қол көбейеді, қозысымен қой көбейеді», «Қоран онды болса, қойың онды болады», «Жаксы қосқар жарты отар қойға тең» және т.б. Осындай мақал-мәтелдерге қарай отырып, қойдың бейбітшілік, жуастық және байлықтың символы ретінде жүретінін айтуға болады.

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде

де қой жуас, пайдаы әрі адал мал түрінде айтылған. Ибн Омар жеткізген хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қой жайында былай дейді: *«Қой — жәннаттың жоғарғы жануары»* (Ибн Мәжа). Бұл хадистен қой жануарының символикасын жуас деп айтуға болады. Сол секілді тағы да басқа хадистерде қой жануарының қарапайымдылықты білдіретінін айта кету керек.

«Мал жақсысы — сиыр» демекші, қазақ халқының өмір-тіршілігінде сиырдың орны ерекше. Қазақ сиыр сүтін ағарған деп киелі санайды. Оның сүтінен жасалған ірімшік, құрт, піскен айран, сары май, құрт және т.б. тағамдар бүгінде қазақ дастарқанының ұлттық символына айналып отыр. Бір сөзбен айтқанда, сиыр қазақ үшін — тіршіліктің бастауы, ұлт дәстүрінің символы. Сондықтан халық «Сиыр жайған ток болады, уайым-қайғы жоқ болады», «Сиырдың майы жанға рахат, зығырдың майы тәнге рахат», «Сиырлының үйі — айран, сиырсыздың үйі — сырдаң» деп мақалдатқан.

Ислам дінде сиыр молшылықты, қол жетпес нығмет пен бай-дәулеттілікті білдіреді. Сиыр туралы Құран аяттарында мысалдар көп келген. Тіпті Құранның «Бақара» сүресінің атауын қазақшалағанда «сиыр» дегенді білдіреді. Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбардың хадистерінде де сиыр малына ерекше назар аудартады. Мысалы, мына хадисте: *«Кімде-кім жұма*

*күні бой дәрет (ғұсыл) алып, жұма намазына ерте барса, (Меккеде) құрбандық шалғанмен тең. Ал кім (бой дәретін алып) жұма намазына екі сағат бұрын барса, сол құрбандыққа сиыр шалғанмен тең»* (Насаи). Хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамдардың жұма намазына ерте барып, уағыз-насихат тыңдауы үшін жігерлендіріп, сиырды құрбандыққа шалғанмен тең деп отыр. Өйткені сиыр ірі қара мал болғандықтан, оны кез келген адамның құрбандыққа шалуға шамасы жетпесі анық. Шариятта сол үшін сиырды жеті адам қосылып құрбандыққа шалады. Сонда бір сиыр жеті адамның құрбандығын қамтиды. Тағы бір хадисте: *«Алла Тағала сиырдың күйіс қайтарғаны сияқты аузы тынбай тістеп сой-лейтін шешен адамды сүймейді»,* — делінген (Байһақи). Жайылымнан келген сиыр ұйықтап жатып, күйіс қайтаралы. Жоғарыдағы хадис осыны мысалға алып, сиыр күйісін аузы тынбайтын бәдік адаммен тенеген.

Келесі түліктің бірі — түйе. Түйе жануарының да қазақ халқының шаруашылығында өзіндік ерекшелігі бар. Айталық, түйені мал атаулының басы ретінде «Түйе — түлік басы», «Түйе — түлік төресі», «Түйе — дала кемесі», «Түйе — көштің көлігі, қойдың серігі» деп атаған. Қазақ халқының және өзге де халықтың мәдениетінде жыл атауына қатысты «Түйе бойына сеніп құр қалыпты» деген мақал қалыптасқан. Бұдан басқа мынадай мақал-мәтелдер бар: «Түйесі жоқ ауылға тайлақ атан көрінер», «Түйені көпір астына жасыра алмайсың», «Түйе қартайғанда көшегіне ереді», «Түйе бошалап кетсе де, түнейтін орын табады», «Нары бар, нары бардың малы бар», «Нар баласын қарпып сүйер», «Аруана — бір үйдің көлігі, бір үйдің көжесі», «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсін», «Жуас түйе жүндеуге жақсы», «Соңғы түйенің жүгі ауыр», «Қоныс ақысын түйе қайтаралы», «Түйе жайылса, шөлге қарай шығалы, жатарда сорға қарай», «Түйе екеш түйе де, өз ботасының өркешті болғанын қалайды», «Түйені жүгендемейді, көп малды түгендемейді» және т.б. Жалпы айтқанда түйе малының табиғатынан жуастықтың, еркіндіктің, төзімділіктің символын аңғаруға болады.

Түйе жануарының араб халқының мәдениетінде ерекше орны бар. Түйенің жаратылысы да өзге жануарларға қарағанда өте ғажап. Құран аяттарында түйенің жаратылысына ерекше тоқталған. Аятта: *«Олар түйенің қалай жаратылғанына назар салмай ма?»* — делінген («Ғашия» сүресі, 17-аят). Тіпті араб тілінде түйенің үш жүзге жуық есімі бар екен. Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбар хадистерінде түйе жануары жайында айтып өткен. Мына хадисте түйе тұрақтаған жерге намаз оқуға рұқсат етілмеген: «Алла елшісінен түйе етін жегеннен кейін дәрет алу жайында сұралған еді: *«Түйе етінен кейін дәрет алыңдар»,* — деді. Ал қой етінен кейін ше деп сұралған еді: *«Қой етінен кейін дәрет алудың қажеті жоқ»,* — деп жауап берді. Сосын түйелердің жиналып

тұрған жерінде намаз оқу жайында сұрап еді. Пайғамбарымыз: *«Түйелердің топталып жиналып тұрған жерінде намаз оқымаңдар. Өйткені ондай жерлер (орындар) шайтандардың да жиналып, кездесетін жерлері»,* — деп айтты. Сол секілді қойлардың жиналып тұратын жерлерінде намаз оқуды сұраған кезде: *«Ондай жерлерде намаз оқыңдар, өйткені қой — береке»,* — деген.

Сондай-ақ түйе Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбармен тілдескен жануардың бірі. Хадисте былай делінеді: «Алла елшісі ансарлардың бірінің ауласына кіріп еді, аулада түйе тұе екен. Ол Пайғамбарды көрген кезде көзі жәудіреп, көзінен жас шықты. Пайғамбарымыз оның көзінің жасын сүртті де біраз үнсіз тұрып: «Мына түйенің иесі кім?» — деп сұрады. Бір жас ансарлық жігіт шығып: «Уа, Алланың елшісі! Түйенің қожайыны менмін», — деді. Сонда Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оған қарап: «Саған Алла мына түйені беріпті. Сен осы түйен үшін Алладан қорықпайсың ба?! Түйе маған шағымданды. Сен оны аш қойып, көп жүк артады екенсің!» — деді.

Жоғарыдағы хадистен түйе жануарының жұмсақтық пен мейірімділіктің символы екенін аңғаруға болады. Хадистегі түйе жанашыр адаммен көрген бала сияқты Пайғамбарды көріп, ішіндегі мұнын айтқысы келгендей жылап жіберген. Қазіргі таңда біздің аналарымыз да жылап қалған баласын жұбатар болса, оның көз жасын сүртіп жатып «ботаканым менін» деп түйенің ботасымен салыстырып, еркелете жөнеледі. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) да түйені жақсы көрген. Оның үнемі мініп жүретін ақ түйесі болғаны Ислам тарихынан белгілі.

Мұнымен қоса араб халқы түйені сабырлық қасиетімен теңеу үшін де қолданады. Төмендегі хадисте ботасын он екі ай көтеретін түйені сабырлық сипатымен теңеп былай келтіреді: «Күмәнсіз, мен сені (қарнында ботасын көтерген) бозінген сияқты көтердім-ау», — дейді. Хадисті тарқатып айтсақ болсақ, бірде Пайғамбарымыздың қасына даланың арабы келіп, жанында ұзақ уақыт жүріп алады. Сонда Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әзілдеп: *«Күмәнсіз, мен сені (қарнында ботасын көтерген) бозінген сияқты көтердім-ау»,* — деп айтады. Кейін әлгі даланың арабы Пайғамбардың сөзінің төркінін түсінбей: «Апырмай, түйенің мен білмейтін қасиеті бар шығар. Ол ботасын қалай көтереді екен?» — деген оймен Пайғамбарымыздан: «Уа, Алланың елшісі! Түйенің ботасына не болатың?! — деп сұрайды. Бұл хадистен ботасын он екі ай көтеретін түйенің сабырлық сипатын байқаймыз. Түйе шөл даланың кемесі болғандықтан, ол — араб жазырасы тұрғындарының сүйікті жануары. Сондықтан түйе жануарын сабырлықтың символикасы деп айта аламыз.

Батыржан МАНСҰРОВ,  
Уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі

# Алла елшісінің НАУҚАСТАНУЫ

(Басы 1-бетте)

Осы кезде Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) басы қатты ауыра түседі. Соған қарамастан жұбайларын зиярат етеді. Сол түнді Мәймуна (оған Алла разы болсын) анамыздың шаңырағында өткізуі тиіс болатын. Мазасы болмасада, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жұбайлары арасындағы әділдікті сақтап, тағы да 5 күн кезегімен өзге аналарымыздың шаңырағында өткізеді. Алайда дүйсенбі күні қызуы көтеріліп, басы ауырып, науқасы күшейе түседі. Сол күні Айша анамыздың шаңырағында қалуға өзге жұбайлары келіседі. Себебі әр дүйсенбі Айша анамыздың шаңырағында болатын еді. Пайғамбарымыздың қызуы көтеріліп, уақыт өткен сайын мазасы қашып, науқасы күшейіп, әлсіреп, жүдеп кетеді. Әлсірегендіктен жүруге шамасы келмей, хазірет Әли мен Аббас екеуі (оларға Алла разы болсын) қолтығынан көтеріп, Айша анамыздың шаңырағына әкеледі. Сол күннен бастап қайтыс болғанға дейін сонда қалады.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) науқастығына қарамастан шамасы келгенше намазға имамдыққа өзі шығып отырды. Бір күні шын намазын оқып, құптан уақыты келгенде жамағаттың құптан намазын оқып-оқымағанын сұрайды. Жамағат өзін күтіп отырғанын айтқанда намазға шығу үшін жуынып, дәретін алып, тұруға әрекет еткенімен есінен танып қалады. Біраз уақыттан кейін есін жиып, жамағаттың намазды оқып-оқымағанын тағы да сұрайды. Сахабалар құптан намазын оқымай Алла елшісін әлі күтіп отырғанын айтқанда Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тағы дәрет алып, намазға бармақ болады. Бірақ тағы да есінен танып қалады. Есін жинап, жамағаттың намазды оқып-оқымағанын тағы сұрайды. Намаз оқылмағанын, өзін күтіп отырғанын айтқанда үшінші рет жуынып, дәрет алып намазға бармақ болады. Алайда науқасы шыдас бермей, тағы да есінен танып қалады. Төртінші рет есін жиған соң: «Әбу Бәкірге айтыңдар, намазды оқысын», — деді. Осыдан кейін Әбу Бәкір (оған Алла

разы болсын) имамдыққа шықты. Әбу Бәкір Пайғамбар намазға шыға алмаған кезде жамағатпен намаз оқу үшін имамдыққа шығып тұрды (Бұхари).

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бейсенбі күні бесін намазына қарай біраз жақсы болып қалады. Су алдырып, жуынып, дәрет алып, Әли мен Аббас екеуі қолтығынан сүйеп мешітке намазға әкеледі. Ал хазіреті Әбу Бәкір Пайғамбардың келгенінен хабарсыз имамдыққа шығып, намаз оқи бастайды. Сол сәтте Алла елшісінің келгенін сезеді де, михрабтың иесі Алла елшісін имамдыққа шығару мақсатында артқа шегінуге ынғайланады. Сонда Пайғамбарымыз оған орнынан жылжымай жалғастыруына ишара береді. Өзі де Әбу Бәкірдің қасына барып отырып, намазын оқиды.

Бір күні хазіреті Әли мен Фазл ибн Аббас екеуі Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қолтығынан сүйеп, мінберге дейін апарады. Пайғамбарымыз мінберге отырып, Аллаға мақтау айтып, алғашқы сөзі Ұһуд соғысында шейіт болған сахабаларына ұзағынан дұға етумен басталады. Дұға етіп болған соң жамағатқа: *«Уа, адамдар! Араларыңнан кететін уақыт келді. Енді мені араларыңнан, бұл мақамнан көре алмайсыңдар. Мен жасауым керек болған нәрсені сендер үшін жасадым. Мен кімнің арқасынан қамшымен ұрған болсам, міне арқам, келсін, арқама ұрсын, қысас жасасын. Кімнің ар-намысына тиген болсам, келсін, менен ақысын алыс. Кімнің мал-дүниесінен бір нәрсе алған болсам, келсін, ақысын алыс. Ешкім Пайғамбар ренжіп қалады деп, ақымды ала алмадым деп ойламасын. Біліп қойыңдар, ренжу, айыптау — менің жаратылысым мен мінезімде жоқ. Сендердің іштерінде ең жақсы көретін адамым менде бір ақысы болса, келіп ақысын алғаны немесе маған өткен ақысына кешірімін бергені. Мен ешкімнің ақысын арқаалаған күйі Алланың құзырына шыққым келмейді. Оның құзырына кінәсіз болып барғым келеді»,* — деп мінберден түседі.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жиылған жұртшылыққа осылай деген соң, мінберден түсіп, бесін намазын оқып, қайта мінберге



шығады да, алғаш айтқан сөздерін тағы қайталайды. Осы кезде бір адам 3 дирхам алашағы барын айтып, орнынан тұрады. Оның айтқан ақшасын беріп: *«Уа, адамдар! Кімнің жанында беруі тиіс біреудің ақысы болса, беруге ұяламын демесін. Себебі дүниеде ыңғайсыз қалып ұялу ақыретте масқара болып ұялуға қарағанда ештеңе емес»,* — деді. Осы әңгімеден кейін тағы да Ұһуд шаһиттеріне дұға етіп, сөзін былайша жалғастырды: *«Алла Тағала құлын дүние өмірі мен ақырет нығметі арасында еркіне қалдырды. Алланың құлы ақырет нығметін таңдады»,* — деді. Осы сөздерді естіген хазіреті Әбу Бәкір көз жасына ерік беріп: «Жанымыз, әкелеріміз сенің жолыңда пида болсын», — дейді. Бәкір ол айтылған сөздің мағынасын бірден ұқбап еді. Яғни жақында ардақты досы, екі дүние гүлзары болған Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) араларынан кететінін түсінді. Ал өзге сахабалар мәселенің байыбына бірден бара алмай қалады.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сөзін ары қарай жалғастырып былай дейді: «Әбу Бәкірдің есігінен басқа мешітке ашылған барлық есіктер жабылсын, мен сұхбатымда одан абзал адамды білмеймін. Жолдастығы мен дүниесіне ең көп қарыздар болған адамым — Әбу Бәкір. Үмметімнен бір адамды осы өмірде дос ету керек болса, күмәнсіз ол дос Әбу Бәкір болар еді. Бірақ Ислам баршамызды бауыр етті. Әбу Бәкірдің мешітке қараған терезесі ашық қалсын, өзге терезелер жабылсын. Сендерден алдыңғы үмметтер пайғамбарлардың және әулиелердің қабірін ғибадат ететін орынға ай-

налдырды. Сендерді ондай іс жасаудан қайтарамын», — деді (Бұхари).

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) осы насихаты барысында мәдиналық ансар қауымына демеу беру және қарайласу керектігі жайында мүһәжірлерге былай деп өсиетін айтады: *«Уа, мүһәжірлер қауымы! Ансарға жақсылықпен мәміле жасауларыңды өсиет етемін. Өйткені адамдардың саны артты. Ансарлар болса, сол күйі сандары артып жатқан жоқ. Олар — менің сырластарым. Олардың жақсылық пен қайырымдылық жасағандарына сендер де жақсылық пен қайырымдылық жасаңдар. Жамандық жасағандарын кешіріңдер»,* — деді. Екінші бір риуаятта былай деген: *«Сендерге ансарлардың қабірін білуді өсиет етемін. Өйткені олар — менің көзімнің нұры. Ансарлар өз міндетін толық атқарды. Әлбетте, істеген істерінің қайырымын да алады. Қазір мұсылмандардың қарасы көбейді. Сондықтан ансарлар тамақтағы тұз секілді көзге көрінбей, еленбей қалды. Сендерден кім оларды басқарса, жақсылық я жамандық көргенде, жақсылығын қабыл алып, жамандығын кешірсін».*

Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) айтқан сөзіне жылаған Әбу Бәкірдің ісін түсіне алмағандар: «Пайғамбарымыз ізгі бір адам жайында айтып тұр. Алла сол ізгі құлға осы өмірде мәңгі қалу немесе Раббысына қауышу жайында таңдау бергенде ол адам Алланың құзырына баруды таңдағаны жайында бізге айтып тұр. Ал мына Әбу Бәкір ақсақал осы қисса үшін жылай бастады. Бұл кісіге не болған?» — деседі. Хазіреті Әбу Бәкір бұл әңгімені

естігенде жылауының сыры ретінде Пайғамбар өзі жайындағы әңгімені жұмбақтап айтып тұрғанын түсінбеген сахабаларға түсіндіріп береді.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) насихатын айтып болған соң хазіреті Айша анамыздың бөлмесіне оралады. Бұл Алла елшісінің сахабаларына айтқан соңғы өсиеті еді. Хазіреті Әбу Бәкір Пайғамбарымыз науқастанған сәтінен бастап, 17 рет намазға имамдыққа шыққан еді.

632 жылы, бейсенбі күні танертен Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) науқасы күшейіп, жанындағы сахабаларына: *«Маған қалам мен жазатын бір нәрсе әкеліңдер. Сендерге менен кейін адасушылыққа түспеулерің үшін бір нәрсе жазайын»,* — деді. Сол кезде жанында болған сахабалардың пікірі екіге бөлінді. Бір тобы: «Алла елшісінің қызуы көтеріліп, қатты ауырып тұр. Жазу жазғысы келгенін дұрыстап сұрап алайық. Жанымызда Алланың кітабы бар, сол бізге жетеді», — деп, Пайғамбарымыздың сол сәтте ештеңе жазғанын қаламады. Олардың қатарында Омар да (оған Алла разы болсын) бар еді. Бірақ кейіннен жазар десті. Ал бір тобы болса: «Жоқ, қазір жазғаны дұрыс», — деп олардың пікіріне қарсы болып, пікірталас туындайды. Олардың әрекетін ұнатпаған Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Ешбір пайғамбардың құзырында тартысу дұрыс болмайды. Шығыңдар, менің осы жағдайым сендердің мені мазаламақ болған нәрселеріңнен жақсырақ»,* — деді. Осы оқиғадан кейін Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үш нәрсені өсиет етеді. Абдулла ибн Аббастан (оған Алла разы болсын) жеткен риуаят бойынша бұл өсиет мыналар: *«Менен кейін мушриктерді араб түбегінен шығарыңдар. Келетін елшілерге мен жасағандай құрмет көрсетіңдер».* Ал үшінші өсиетті Абдулла ибн Аббас ұмытып қалғанын айтады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларына өсиет айтқандай отбасы мүшелеріне де былай деп ең соңғы өсиетін айтады: *«Уа, Алла елшісінің қызы Фатима! Уа, Алла елшісінің апасы Сафия! Алла құзырында өздеріңді құтқара алатын ізгі істер жасаңдар. Өйткені мен сендерді Алланың азабынан құтқара алмаймын. Уа, Абдулмутталибулы Аббас! Уа, Мұхаммедқызы Фатима! Сендерді Алла құзырында есепке тартылудан құтқара алмаймын. Өздеріңді соған қарап дайындаңдар».*


Смайыл СЕЙТБЕК,  
Бас мұфтидің кеңесшісі

АМЕРИКАЛЫҚ ЖАЗУШЫ ӘРІ  
ҒАЛЫМ МАЙКЛ ХАРТ (1932  
ЖЫЛЫ ТУҒАН) 1978 ЖЫЛЫ  
ӘЛЕМ ТҰРХЫНДАҒЫ ЕҢ  
ЫҚПАЛДЫ 100 АДАМНЫҢ  
ТІЗІМІН ЖАСАП, КІТАП  
ШЫҒАРДЫ. ҚАЛАМҒЕР  
ТУЫНДЫСЫН «THE 100: A  
RANKING OF THE MOST INFLU-  
ENTIAL PERSONS IN HISTORY»  
ДЕП АТАП, ОНДА 100  
ТҰЛҒАНЫҢ ЕСІМ-СОЙЫМЕН  
ҚОСА, ӨМІРБАЯНЫН  
СИПАТТАДЫ. ТІЗІМДЕГІ КІСІЛЕР  
ӨЗ ЗАМАНЫНА ҒАНА ЕМЕС,  
КЕЛЕР ДӘУІРЛЕРТЕ ДЕ ӨЗГЕРІС  
ӘКЕЛГЕН ЕРЕН ЕҢБЕГІНЕ ҚАРАЙ  
РЕТ-РЕТІМЕН ЖАЗЫЛДЫ.  
ТІЗІМНІҢ ЕҢ БАСЫНДА  
МҰХАММЕД (ОҒАН АЛЛАНЫҢ  
САЛАУАТЫ МЕН СӘЛЕМИ  
БОЛСЫН) ПАЙҒАМБАР  
ТҰРҒАНЫ КӨЗІ АШЫҚ, КӨКІРЕГІ  
ОҒАУ ҚАУЫМҒА МӘЛІМ.

Бірі қызығы, Майкл Харттың өзі мұсылман емес. Соған қарамастан, Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбардың адамзат тарихындағы ең ықпалды тұлға екенін мойындаған. Оның аталған кітабының 500 мыңнан астам данасы сатылып, көптеген тілге аударылған. Дегенмен, жаһан жұрты бұл еңбекті әртүрлі қабылдап, сан қилы пікір білдірді. Мүмин халықтар, әлбетте, сүйініп, мерейі өсті. Мұсылмандар Аллаға мадақ, Пайғамбарға салауат айтты. Әйтсе де, өзгелік елдер Майкл Харттың тұжырымымен келіспей, дау келтіріп жатты. Ондайларға қатысты автордың өзі былай пікір білдірген екен: «Әлем тарихындағы ең ықпалды 100 адам тізімінде ең басына Мұхаммедті қойғаныма кей оқырмандар танағалы, кейбірі түсінбеуі мүмкін. Бірақ ол – діни және дүниелік істердің екеуінде қатар ұлы жетістіктерге жеткен, тарихтағы жалғыз адам. Яғни америкалық зерттеуші өзі басқа дінді ұстанса да, Исламды өкелген Алла тұлғасына шек келтірмейді. Бұл дерек қасиетті Құрандағы «Ахзаб» сүресінің 21-аятын есіме түсірді: **«Расында сендер үшін, Алланың да, ақырет күнін де үміт еткендер мен Алланы көп еске алған кісілер үшін Алланың елшісінде көркем үлгі-өнегелер бар»**. Алланың сөзі – мінсіз, Жаратқан уәдесі – хак. Адамзатқа көркем үлгі-өнегеміз жіберілген Мұхаммед пайғамбардың ізгі сипаты мен тандаулы болмысын мұсылмандықтың қабылдамағандардың өзін еңісіз мойынылап тандай қағалы.

Сонымен қатар Майкл Харт Алла елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлем болсын) байланысты былай дейді: «Мұхаммед әлемдегі ең ұлы діндердің

Батысты  
танғалдырған  
**ТҰЛҒА**



біріні негізін қалап, таратты және сұмдық ықпалды саяси көшбасшыға айналды. Өзі қайтыс болғанына он үш ғасырдан асса да, оның ықпалы әлі күнге дейін зор». Асыл дінімізде Ислам адамзатқа жіберілген соңғы дін, ал Мұхаммед ақирғы пайғамбар екені айтылады. Яғни иісі мұсылман қауым Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбар әкелген шариғат ақыретке дейін адамзатты тура жолға шақырып, тұратынына күмән келтірмейді. Майкл Харттың тілімен айтқанда, Алла елшісінің қызметке дейін «ықпалы зор» болмақ

**Ж**алпы, христиан дінін ұстанатын бағыты әлемінде Мұхаммед (оған салауатты игілігі мен сәлемі болсын), пайғамбардың ұлағатты өмір жолы мен өнегелі еңбегіне тасанып, тандай қаққан жазушылар мен зерттеушілер көп болған. Ислам құндылығы мен соңғы пайғамбардың терең өсиетін түсіну бақыты бұйырған қаламгерлердің қазір де қарасы қалың. Солардың бірі – ұлыбританиялық сөз зергері Карен Армстронг (1944 жылы туған). Ол 2006 жылы оқырмандарға «Мұхаммед: біздің заманымыз-

дың пайғамбары» деген кітабын ұсынды.

Аталмыш туындысының кіріспесінде автор Батыс қоғамындағы Исламға қатысты қате әрі қасаң түсінікті қатан сынға алады. Оның жазуында, Еуропадағы исламофобияның тамыры тым тереңде. Сонау ХІІ ғасырдың өзінде-ақ христиан монахтары Исламды тек қылыштың жүзімен жайылған зұлымдық діні деп айыптап, тіпті, Мұхаммед (оған Алланың салуаты мен сәлемі болсын) пайғамбарға айтуға ауыз бермейтін жалалар жауып, тіл тигізген. Кәрі құрықта 10 ғасырдан бері келе жатқан осындай стереотипті, Исламды жеккөрушілікті Карен Армстронг аяусыз шенейді. Мұхаммед пайғамбарды діни-рухани көшбасшы ғана емес, теңдессіз саяси-әлеуметтік реформатор ретінде суреттейді.

Ұлыбританиялық жазушының кітабында бес бөлім бар: 1. Мекке; 2. Жаһилия; 3. Хижра; 4. Жинад; 5. Салам. Бұлардың әрқайсында автор Алла елшісі өмірбаянының әр кезеңі жайлы сыр шертіп, талдайды. Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен

сәлемі болсын) пайғамбардың істері мен шешімдеріне тоқталып, оның кеменгер, парасатты, сұңғыла әрі Жаратқан жолына, өзінші бұл өмірге келудің миссиясына шын берілген тақуа бейнесін танытады. Батыс қоғамы ойлайтындай, катігез емес, керісінше, Ислам мейірім мен ізгілік діні екенін дәлелдейді.

Мақаламызда К.Армстронгтың туындысын толықтай тарқатып, түгелдей зерделей алмаспыз. Дегенмен, бір үзінді-мысал келтірелік. Автор былай жазады: «Мұхаммедтің өмірі – мұсылмандарға ғана емес, Батыс қоғамына да өнегелі ғибрат. Оның ғұмыры тұтастай жиһад еді. Бірақ бұл жерде бұл сөздің мағынасы «қасиетті соғыс» емес, «нәпсімен күрес» дегенді білдіреді. Мұхаммед кантөгіс соғыстан әбден қалжыраған Арабияда бейбітшілік орнату үшін аянбай тартты. Бізге бүгін осындай адамдар ауадай қажет. Мұхаммедтің күллі ғұмыры қызғаныш, әділетсіздік және төқаппарлыққа қарсы қажымай-талмай арпа-

жалпы, христиан дінін ұстанатын батыс әлемінде мұхаммед (оған салауаты игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбардың ұлағатты өмір жолы мен өнегелі еңбегіне тәмсанып, таңдай қаққан жазушылар мен зерттеушілер көп болған. ислам құндылығы мен соңғы пайғамбардың терең өсиетін түсінуді бақыты бұйырған қаламгерлердің қазір де қарасы қалың. солардың бірі - ұлыбританиялық сәз зергері қарен армстронг (1944 жылы туған). ол 2006 жылы оқырмандарға «мұхаммед: біздің заманымыздың пайғамбары» деген кітабын ұсынды.

лысумен өтті». Байкасаңыз, Армстронг Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбардың бейбіт-сүйгіш қасиетін аса жоғары бағалайды. Расында Алла елшісі өзіне қаншама қиянат-қастық жасаған, жала жапқан, зұлымдық еткен кісілерді кешірді. Кен-пейілділігі, жұмсақжүректілігі мен ірілігінің арқасында жаулары досқа айналды. Адасып жүргендер Исламды қабылдады. Ол адамдар арасындағы қарым-қатынаспен қоса, қауымдар арасындағы өзара қатынаста да парасатты дипломатияны ұстанды. Мәселен, меккелік мүшріктермен Худайбия келісімшартын жасасарда, мұсылмандарды төмендететін, кемсітетін тармақшалар көп еді. Алла елшісі соның бәріне көз жұмып, сабыр етті, төмендетуге көнді. Өйткені жүрегі Аллаға һәм ақыретке деген иманға толы болатын. Ол өзіне қарата айтылған қорлық сөздерге ренжіген жоқ, көңіліне алған жоқ. Өмірге фәни дүниелік емес, ақыреттік көзқараспен қарайтын. Жемесейткенге келгенде, ақыретте қорлайтын сөз айтаңдар емес, ашуға бұлығып, кек алаңдар емес, иман келтіргендер мен сабыр еткендер Алланың рақымына кенелетінін терең сезінді. Осындай сабыр-лылығы мен парасаттылығының арқа-

сында Худайбия келісімі жасалып, мұсылмандар мен мүшріктер арасында 10 жылдық бейбітшілік орнады. Мүшріктер өздері келісімді бұзғанша, мұминдер уәдесіне берік болды. Осы бейбітшілік мұсылмандарға қайырлы болды, олар көбейіп, күшейді, қанатын кенге жайды. Карен Армстронг Алла елшісінің осындай асыл қасиеттеріне сүйенеді. Оны бүгінгі ғаламға үлгі етеді. Шынында да, Жердің өр ыпшағында соғыс өрті тұтанып, халықтар бір-бірінің қанын төгіп, жазықсыз жандар қырылып жатқан қазіргі әлемге Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбардың бейбітсүйгіш болмысы, парасатты ұстамдылығы, ұзақмерзімді стратегиясы, көреген дипломатиясы керек-ак.

Әлбетте, Батыс жазушыларының шығармаларын мұсылмандардың бәрі бірдей танғалып қабылдамауы мүмкін. Өйткені Аллаға иман еткен әр мұмин олардың еңбектерінсіз-ақ Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен

сәлемі болсын) пайғамбарды таниды, жақсы көреді, құрметтейді. Дегенмен бұл әлем түгел мұсылмандардан тұрмайды. Дүниенің батысы мен шығысында өзге діндегі халықтар да көп. Соларға Алланы, Исламды, Мұхаммед пайғамбарды таныстыруда әлгіндей еңбектердің септігі зор деп ойлаймыз. Мұсылман емес жұрттар Исламды мұсылман емес жазушылардың кітаптары арқылы танып, тіпті, жан-жүрегі мен санасына ақиқат сәулесі құйылып жатса, нұр үстіне нұр болар еді. Екіншіден, мұсылмандардың бәрі бірдей тақуа емес. Яғни нәпсі мен ібілістің азғыруына еріп, тура жолдан тайып, түрлі құнәларға батып жүрген мүминдер де жетеді. Ондай бауырларымызға Алланың бұйрығын, Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өсиет-аманатын қалтқысыз ұстануға кеңес берер едік. Ислам дінін ұстанбайтын Батыс жұртшылығы, Америка мен Еуропа каламгерлерінің өзі Алла елшісінің ізгілік жолы мен өнегелі ғұмырына сүйсінуде. Ал біз, мұсылмандар, ардақты Пайғамбарымыздың тақуалық дәстүріне адал бағам берік болып жүрміз бе?!<sup>21</sup>

Адрес: **ФАЙЗОЛЛА**

**ПАЙҒАМБАР**  
**ЖАЙЛЫ КІТАПТАР**

ҚАЗАҚСТАН МҮСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНА  
ҚАРАСТЫ «МУФТИАТ» БАСПАСЫНАН ОСЫ УАҚЫТҚА  
ДЕЙІН КӨПТЕГЕН КІТАПТАР ЖАРЫҚ КӨРДІ. СОНЫҢ  
БІРСЫПЫРАСЫ МҰХАММЕД (ОҒАН АЛЛАНЫҢ  
САЛАУАТЫ МЕН ӨГЕЛІМ БОЛСЫН) АРНАЛДЫ.  
ТӨМЕНДЕ БІЗ «МУФТИАТ» БАСПАСЫНАН ШЫҚҚАН  
АЛЛА ЕЛШІСІНІҢ ӨМІРІ МЕН ӨНЕГЕЛІ ІСТЕРІН АРҚАУ  
ЕТКЕН КІТАПТАРДЫҢ БІРСЫПЫРАСЫНА АРНАЙЫ  
ТОҚТАЛДЫҚ.

тұрады. Алла елшісінің отырысы, кішіпейілдігі, күлкісі сынды тақырыптар қамтылған.

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ерекше жаратылыс болмысы – мұсылман үмбеті үшін қайталанбас үлгі. Алла елшісін танығысы келген жан ең әуелі оның мінезіне, жүріс-тұрысына назар аударды. Өйткені Пайғамбардың өмірі – Құранның тірі тәпсірі. Оның мінез-құлқы, аузынан шыққан әр лепсі тат басқан жүректерді сөзсіз нұрға бөлейді. Бір кісі Айша (оған Алла разы болсын) аңыздан Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мінез-құлқы туралы сұрап, баяндап беруін өтінді. Сонда Айша аңыз: «Сендер Құран оқымайсындар ма?» – деп сұрайды. Ол: «Иә, оқимыз», – деп жауап бергенде Айша аңыз: «Оның мінез-құлқы Құран ғой», – деген екен.

Кітапты қамтыған әр тарау Пайғамбарымызды (оған Алланың саулау-ты мен сәлемі болсын) әртүрлі қырынан тануға жол ашады. Оның бет-жүзі сипаттай келе аитор мына мәліметті келтіреді. Сахаба Жәбір ибн Самура (Алла оған разы болсын) былай дейді: «Мен Алла елшісін жарқыраған айлы түні көрдім. Оның үстінде қызыл жолағы бар киімі бар еді. Мен Пайғамбарға назар салдым және айға бір қарадым. Мен үшін ол айдан да көрікті, болып көрінді». Оқырманға жол тартқан бұл еңбек көптің көңілінен шығып, жер бетінде мейірім пен рақымның таралуына септігін тигізетіні сөзсіз.

«**Мактаулы Мұхаммед**» — пайғамбарды мадақтаған жыр жинағы. Бұл кітапқа ардақты Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мадақтаған жырлар, атап айтқанда сияр, нағт, мигражнама, мәуліт

Three books from the "Minsiz Muhammed" series by Shomirza Murodov are displayed. The books are titled "Minsiz Muhammed", "Maqtauлы Muhammed", and "Pайғамбарымыздың отбасындағы Minsiz мәмлесті". The books feature various Islamic calligraphy and architectural illustrations.

т.б. жырлар енген. Жыр жинағына түркі әдеби тілінде жазылған шығармалар (Қарахан мемлекеті, Алтын Орд, Қазақ хандығы) мен қазақ жазба әдебиеті өкілдерінің және қазіргі белгілі ақындардың Алла елшісіне арнаған өлеңдері қамтылды. Аталмыш еңбекте Жүсіп Баласағұнның «Әлей-хис-саләм, құдіретті пайғамбар!» жыры, Сүлеймен Бақырғанидидың «Мигражнамасы», Әубүкір Кердерінің «Насихат толғауы» сынды өлең-жырлар қамтылған.

Қазақ даласында тербеткен талай шайыр, ақын-жырау өткен. Мың жылға жалғасқан жыраулық дәстүрді бірі арнаға тоғыстырған бұл құнды жинақта Пайғамбарға деген махаббаттың, сағыныштың көркем үлгісі бейнеленген. Мәшһүр Жүсіп Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мінез-құлқын сипаттап былай толғайды:

*Мінезі – қызыл жібек, бек мүләйім,  
Мархамат кәріптерге іші дайым.  
Апа-ана һәм бабасы өлгеннен соң,  
Жетімдік сол күндерде болды уайым.*

Сүлеймен Бақырғанидың «Миғражнамасы» – дәстүрлі Ислам әдебиетінің інжу-маржанының бірі. Миғраж оқығанын жырлағанда тек тарихи баяндау жасамай, оқырманды рухани сапарға жетелейді. Пайғамбарымыздың жүзін сипаттай келе:

*Жүзін нұрдан жаратқан,  
Көзін сауһардан жаратқан,  
Еріндері лағылдан,  
Тісі дүрден еді-йә, — деп жырлайды.*

Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүю – иманның тұғыры. Көңілде толқыған бұл сүйіспеншілік жыр болып ағылып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатыр.

**«Пайгамбар хадистері мен қазақ мақал-мәтелдері»** – хадис ғұрпымыз һәм сүннет салтымыз екенін еспеттейтін еңбек. Қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан мақал-мәтелдері – халқымыздың өмірлік тәжірибесін, мінезін, дүниетанымын сақтап келген рухани казына. Ал Пайғамбар хадистері – адамзаттың ең көркем мінезін көрсеткен Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сөздері мен өнегесі. Бірі – өмірдің шындығынан туған даналық, екіншісі – иләһи тәрбие мектебі. Бірінші бөлімде қазақ мақал-мәтелдерінің тарихи қалыптасуы, зерттелу кезеңдері, тілдік және этнолингвистикалық сипаты жан-жақты талданады. Автор мақал-мәтел жөніндегі ғылыми еңбектерге – XIX ғасырдағы Ы.Алтынсарин, В.Катаринский, Ә.Диваев жинақтарына дейін толық шолу жасап, ұлттық фольклор дәстүрінің теориялық негіздерін береді. Сонымен қатар хадис ғы-

лымының да қалыптасу жолы, «тәудін» мен «тасиф» кезеңдері, алғашқы сахиғалар, Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Астың «Садиқа» жазбасы сияқты деректер ғылыми дәлдікпен түсіндірілген. Кітаптың екінші бөлімі – еңбектің негізгі өзегі. Мұнда хадистер мен қазақ мақал-мәтелдері лексикалық, семантикалық, фонетикалық, тіпті символдық деңгейде салыстырылады. Мәселен, қазақтың «Жаксы сөз – жарым ырыс» деген мақалы Пайғамбарымыздың: «Әрбір жаксы сөз – садақа», – хадисімен мазмұнды екені нақты дәлелдермен көрсетіледі. Сондай-ақ сабыр, тәубе секілді діни-рухани ұғымдардың араб тіліндегі бастапқы мағынасы мен қазақ дүниетанымындағы орны өзара байланыста қарастырылып, хадистегі сабыр ілімі мен қазақ мақалдарының үндес келетіні терең талданады.

**«Пайғамбарымыздың отбасындағы мінсіз мәмілесі»** — пайғамбарымыз өнегін кәзіргі қазақ қоғамындағы отбасылық мәдениеттен сабақтастырып талдаған, ғылыми дәлелдерге және сенімді дереккөздерге сүйенген мәз-мұнды еңбек. Қоғамның ең нәзік әрі ең жауапты саласы — отбасы тәрбиесі. Әсіресе бүгінгі ақпарат ағымы тасқын-даған, құндылықтар ауысып жатқан заманда отбасы институтын жанаша түсіндіретін, рухани негізге сүйенген шығармалар аудай жақ. Бұл кітап отбасындай қажеттілікті өтейтін еңбек-тердің бірі. Автор Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) отбасындағы қарым-қатынасын жай-тарахи дерек ретінде емес, кәзіргі от-басыларға арналған нақты үлгі, прак-тикалық модель ретінде қарастырады. Еңбекте Алла елшісінің қыздары мен ұлдарына, жұбайларына, тіпті қайын жұртына көрсеткен мәмілесі терең әрі шынайы баяндалады. Мәселен, кітап-та Пайғамбарымыздың қызы Фатима-ға деген ерекше сүйіспеншілігі айрық-ша суреттеледі. Ол келгенде сүйікті қызын жылы қарсы алып, жанынан орын бергені айтылады.

**Темірлан САЙЛАУБЕК,**  
**«МУФТИЯТ» баспасының**  
**аудармашы-редакторы**

# ПАЙҒАМБАРҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІКТІ ҚАЛАЙ АРТТЫРАМЫЗ?



ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ МҰХАММЕДКЕ (ОҒАН АЛЛАНЫҢ САЛАУАТЫ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ДЕГЕН МАХАББАТ ЕКІ ДӘРЕЖЕЛІ БОЛАДЫ.

Біріншісі — парыз. Бұл — Пайғамбарымыздың Алла тарапынан алып келген барлық нәрсені толық қабылдап, иман келтіру, бұйырған парыздарын орындау, тыйым салған нәрселерінен тыйылу.

Екіншісі — артықшылық. Ол — Алла елшісінің көркем мінезін, сүннетін, әдептерін, нәпіл амалдарын, ерікті құлшылықтарын, тамақтануын, киіну әдебін, әйелдерімен жақсы қарым-қатынас жасауын үлгі ету, оған салауат айту т.б. (Ибн Ражаб әл-Ханбали, «Истиншаку насийми әл-унс мин нафахати рияди әл-қудс», 324. Мухаммад ибн Халид, «Нәһжу әл-вусул илә мәхәббәти әр-расул», 69). Жалпылай алғанда бұл махаббат жүректе жай сезім ретінде ғана емес, нақты амалдар арқылы көрініс табады. Сол амалдардың кейбіріне жекелей тоқталайық.

**Біріншісі**, Пайғамбарды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) барлық нәрседен жоғары қою. Алла Тағала Құранда былай дейді: «**Уа, Пайғамбар!**) (Мүміндерге) **«Егер де әкелерің, ұлдарың, бауырларың, жұбайларың, туыстарың, тапқан мал-мүліктерің, тоқтап қалуынан қорыққан саудаларың, дән риза болған үйлерің сендер үшін Алладан, Оның елшісінен және Оның жолындағы күрестен артық сүйкімді көрінсе, онда Алла (сендерге) Өз әмірімен (жазасы) келгенше күтіңдер. Өйткені Алла пасық қауымды тура жолға салмайды»** деп айт» («Тәубе» сүресі, 24-аят). Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мн сәлемі болсын): **«Сендердің біреуің мені өз ата-анасынан, бала-шағасынан һәм күллі адамзаттан артық жақсы көрмейінше иманы толық болмайды»,** — деген (Бұхари, №15. Мұслим, №44). Қазі Ияд: «Жоғарыдағы аят — Пайғамбарға деген махаббаттың міндетті әрі парыз екендігіне жеткілікті дәлел. Өйткені Алла Тағала малын, отбасын, балаларын Алла мен Оның елшісінен артық жақсы көргендерге ескертпе ретінде «Алланың әмірі келгенше күтіндер!» деген», — дейді (Қазі Әбу

Фазыл Ияд, «әш-Шифа би тәғрифи әл-мус-тафа», 379.).

**Екіншісі**, күнәдан тыйылу. Кім нәпсісін тыйып, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әмірін жоғары қойса, сол адам шынайы сүйіспеншіліктің жолына түседі. Хабарда: **«Кім тұрақты түрде ғибадат жасап жүрген адамнан озуды қаласа, күнәдан тыйыласын»,** — делінген (Әбу Яғла, «Әт-Тәрғиб», 4/73).

**Үшіншісі**, өмірбаянын (сирасын) оқу. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмірбаянын оқу немесе тыңдау — оған деген сүйіспеншілікті арттыратын және оның жолына ілесуге жетелейтін ең маңызды себептің бірі. Адамдар кейде өздері жақсы көретін өнерпаздар мен спорт жұлдыздарының өмірін зерттеп, оларға еліктейді. Ал Пайғамбардың өмірбаянын білмеу мұсылман үшін ұят саналатын жағдайдың бірі.

**Төртіншісі**, сүннетіне ілесу және оны жандандыру. Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетін ұстану, ғибадатты көбейту, нәпіл амалдарға ұмтылу, Алла елшісінің әдебі мен мінезін бойға сіңіру, күнделікті өмірде оның жолын үлгі ету — шынайы махаббаттың белгісі. Сәхл әт-Тустари былай деген: «Аллаға деген махаббаттың белгісі — Құранды жақсы көру. Ал Аллаға және Құранға деген махаббат — Пайғамбарды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жақсы көрумен іске асады. Пайғамбарға деген махаббаттың белгісі — сүннетті жақсы көру. Сүннетке деген махаббаттың белгісі — ақыретті жақсы көру арқылы болады. Ақыретті жақсы көрудің белгісі — дүниені жек көру. Ал дүниені жек көрудің белгісі — одан тек ақыретке жеткізетін мөлшерді ғана алу» (Ибн Ражаб әл-Ханбали, «Истиншаку насийми әл-унс мин нафахати рияди әл-қудс», 324).

**Бесіншісі, көп салауат айту.** Кім біреуді шын жақсы көрсе, оны жиі еске алады. Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жақсы көрген адам әрдайым оған салауат айтып, дұға етеді. Салауатты көп айту — жүректі нұрландырып, Алла елшісіне деген сүйіспеншілікті арттырады. Оған қоса хадисте баяндалғандай, салауатты көп айтқан адам уайымынан арылып, күнәсі кешіріледі (Термизи, №2457. Ахмад, №21242.). Салауат айтудың ең аз мөлшері — күніне 313 рет, орташасы 1000 рет.

**Бесіншісі**, Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шынайы жақсы көргендермен сұхбаттас болу. Кім қандай ортада отырса, жүрегі де соған жақындайды. Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шын сүйетін саликалы жандармен сұхбаттас болу — жүректегі махаббатты арттырады. Сондай-ақ оның отбасын, ұрпағын, сахабаларын және саликалы жандарды сүю де — сүйіспеншілікті күшейтетін маңызды себеп.

Қорыта айтқанда, Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) деген махаббат — мұсылманның жүрегін нұрландыратын ең ұлы сезімдердің бірі. Бұл сүйіспеншілік тек сөзбен шектелмей, оны барлық нәрседен жоғары қою, күнәдан тыйылу, сүннеттің берік ұстану, өмірбаянын білу, салауатты көп айту және оны шынайы жақсы көрген ізгі жандармен бірге болу арқылы жүзеге асады.

Бауыржан ӘБДУӘЛІ

(Басы 1-бетте)

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үйінде қамқор әке, аяулы жар бола білсе, сыртта адал дос, қауымына беделді азамат, абыройлы басшы болды. Алла Тағаланың құзырында Оның ең сүйікті құлы болса да, өзін екінші орынға қойды. Бүгінгі күні жиі еститін «өзіне көңіл бөл, өзінді ойла» деген түрлі психологиялық кеңестерге сай күн кешу ардақты Алла елшісінің тұрмыстық өмірінде мүлдем болмаған. Ол тіпті өзін екі емес, үшінші, тіпті төртінші орынға қойды десек те артық айт-



## ЕҢ ӘДІЛ ҺӘМ ҚАРАПАЙЫМ БАСШЫ

қанымыз емес. Өйткені жатсатұрса «үмбетім, үмбетім» деп өмір сүрген адамның өзін ойлауға шамасы келе ме? Оны күллі ғаламға Жаратушы Иеміздің өзі жолбасшы ұстаз әрі рақым мен мейірім жаршысы етіп жіберген болса, ондай адамның өзін ойлауға уақыты бола ма? Себебі сіз бен біз секілді Пайғамбарымыздың да бір тәулігі 24 сағаттан тұрды, бір аптасы 7 күннен, бір айы 30 күннен тұрды. Бірақ сол уақытының әрбір секундының құр өткізбегенін күні бүгінге дейін оның өмір жолы жазылған сира кітаптарынан танысып біліп отырмыз.

Сондықтан қазіргі мұсылман үмбеті үшін Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қауымды басқару тәсілінен артық мінсіз модель таба алмаймыз. Әзиз пайғамбар қауымына, сахабаларына тек діни жетекші ғана емес, халқын аманат деп білген мемлекет басшысы, әскербасы және ұстаз, жақсылықтын жаршысы болды. Дүниенің қызыл-жасыл қызықтырмағаны себепті билік пен мансап, елдің құрметі мен атақ-абырой оның қарапайым қоныр тіршілік кешуіне кедергі келтіре алмады. Әрдайым «ұлық болсаң, кішік бол» деген ұстаныммен өмір сүрді, соны сахабаларына сөзбен де жеткізіп, іспен де үлгі болды.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) басшылықты аманат әрі жауапкершілік деп түсінді. Осы тұста ХХІ ғасырдың әрбір мұсылманы Пайғамбарымыздан ел басқарудың мына үлгілерін үйренуі тиіс деп санаймыз.

**Әділдік.** Әділ болу — барлық пайғамбарға тән қасиет. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) басқарған қоғамда ешкімге түр-түсіне, болмаса дәулетінің бар-жоғы, атақ-абыройына қарай артықшылық берілмеді. **«Уа, адамдар! Шүбәсіз, сендерді бір ер мен бір өйелден жараттық. Сондай-ақ сендерді бір-біріңмен танысып, табысуларың үшін сан алуан ұлыстар мен руларға бөлдік. Біле білсендер, Алланың алдындағы ең ардақтыларың — ең тақуаларың»** деген аятқа сай сол қоғамда адамдар арасында әділдік орна-

ды. Соның нәтижесінде құл иеленушілік бірте-бірте азайып, адамның бас бостандығы ең үлкен құндылыққа айналды. Нәсілшілдік пен рушылдыққа да жол берілмеді. Пайғамбардан көрген өнегенің арқасында Ислам әлемінде мемлекеттің мүлкін өзінің жеке шаруасына титтей де болсын қолданбайтын өте әділ халифа, басшылар ел тізгінін қолға алды. Әділдік — бүгінгі қоғамға да қажет қасиеттің бірі. Адамдарды лауазымға, байлыққа, тамыр-таныстыққа емес, адалдық пен білім, еңбек қабілетіне қарай бағалау Пайғамбарымыздың сүннеті ғана емес, дініміздің талабы екенін естен шығармаған жөн.

**Кенесу.** Нағыз көшбасшы әрдайым өзінің қарамағындағы адамдармен кез келген мәселеде кеңесіп, олардың ойын тыңдауға бейім келеді. Қазақта «бір басшыға — мың қосшы», «ханда қырық адамның ақылы бар» деген сынды қанатты сөздер бар. Бұл үлкен не кішкентай ұжым болсын, ел басқаруда болсын кеңесудің маңызды екенін аңғартса керек. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед те (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Жаратқан тарапынан уахи алғанына қарамастан, әр істе сахабаларымен кеңесіп отырған. Ұқуд, Бәдір, Хұдайбия сияқты тарихи шешімдердің бәрі кеңес нәтижесінде іске асқаны Ислам тарихынан белгілі. Бір жағынан Құран Көрімдегі: **«Сондай-ақ олар Раббыларының үндеуін қабыл алып, (Оған қалтқысыз мойынсұнды). Намазды кемеліне жеткізіп, үзбей әрі уақытылы оқиды және барлық істерін өзара кеңесе отырып істейді және өздеріне ырық ретінде берген** (мал-мүлік, күш-қуат, ақыл-парасат, білім, т.с.с.) **нығметтерімізден (міндет етпей) ізгілік жолында жұмсайды»** («Шура» сүресі, 38-аят) деген аятта Алла Тағаланың бұйрығына толықтай мойынсұну, намаз, артық дәулетінен садака беру секілді ең маңызды істердің қатарында кеңесудің айтылуы тегін емес. Тіпті отбасында ер адамның жұбайымен кеңесуі, жас, кішкентай болса да баласымен ақылдасуы оларға айрықша серпін береді. Әсіресе, ата-ананың балаларының пікірін

тыңдап, олармен ақылдасса, болашақта перзенттерінің оңай шешім қабылдауына, қоғамда әртүрлі адамдармен жемісті қарым-қатынас жасауына жол ашады.

**Сенім арту мен тапсырма беру мәдениеті.** Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамдармен қарым-қатынаста әдепті, мәдениетті болғаны соншалық, оның дінге не дүниеге қатысты бұйрықтарын сахабалары ерекше қабылдайтын. Оларға сенім арта отырып, жауапкершілік жүктейтін. Жасы жиырмаға тола қоймаған сахаба Муаз ибн Жәбәлді (оған Алла разы болсын) Йеменге дін насихаттауға жіберуі, Әли ибн Әбу Талибке (оған Алла разы болсын) мұсылмандардың туын ұстатуы оларға деген Пайғамбардың толық сенуі еді. Мұның бала тәрбиесінде де маңызы зор. Әсіресе, есін енді біліп келе жатқан балдырғанға шамасына қарай үй жұмысын жүктеу оның бойында өзіне деген сенімді қалыптастырып, жауапкершілікті сезінуді үйретеді.

**Қарапайым әрі кішіпейіл болу.** Рухани көшбасшыға тән сипаттың бірі — қызмет етуге дайын болу. Әзиз Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қарапайымдылығы әрі кішіпейілдігі талай патшаны таң қалдырғаны сира кітаптарында ерекше аталады. Сахабаларының арасында тұрғанда оның пайғамбар екенін түрін танымайтын адамға анықтау мүмкін емес еді. Өйткені Алла елшісі өзін өзгеден жоғары қоймайтын және елден ерекше көрінбейтін. Сахабаларымен бас қосқанда басшымын деп төрде отырмай, олармен бірге қызметте болатын. Мешіт құрылысында кірпіш тасып, сахабаларымен сейіл құрғанда отын жаратын.

Бұл айтылған қасиеттерден ұғатынымыз, ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) басшылықты үстемдік қылу емес, халыққа қызмет деп түсінген. Ал мұндай қасиеттерді бойға сіңірудің негізгі баспалдағы нәпсіні тәрбиелеуден басталады деп білеміз.

Ермұрат ШОПАН

# ИМАНИ ТӘРБИЕДЕГІ ТЕМІРҚАЗЫҚ

АРДАҚТЫ ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ (ОҒАН АЛЛАНЫҢ САЛАУАТЫ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) БЫЛАЙ ДЕГЕН: «БАЛАЛАРЫҢДЫ ҮШ ТҮРЛІ ҚАСИЕТКЕ БАУЛЫҢДАР: ПАЙҒАМБАРЛАРЫҢДЫ СҮЮГЕ, ОНЫҢ ӘУЛЕТІН СҮЮГЕ ЖӘНЕ ҚҰРАН ОҚУҒА. ШЫНДЫҒЫНДА ҚҰРАНДЫ КӨТЕРГЕНДЕР ЕШҚАНДАЙ КӨЛЕҢКЕ БОЛМАЙТЫН КҮНІ (ҚИЯМЕТ КҮНІ) АЛЛАНЫҢ АРШЫСЫНЫҢ КӨЛЕҢКЕСІНДЕ БОЛАДЫ» (ТАБАРАНИ). БҮЛ ХАДИСТЕН АЛЫНАТЫН НЕГІЗГІ ФИБРАТ МЫНАЛАР.

**Біріншісі, Алла елшісін сүю.** Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүю — иманның шарты. Баламызды Пайғамбарға деген сүйіспеншілік арқылы тәрбиелеу оның жүрегіне иман мен көркем мінезді орнықтырады. Бұл — сүйіспеншілік арқылы діни сана қалыптастырудың ең тиімді жолы.

**Екіншісі, Пайғамбар әулетін, яки әһли бәйтті сүю.** Мұндай сүю рухани жақындықты, рухани бауырмалдықты қалыптастырады. Әһли бәйтке құрмет — Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) деген

сүйіспеншіліктің жалғасы. Бұл адасудың алдын алуға, жек көрушілік пен жала жабудан сақ болуға, әділетті болуға тәрбиелейді.

**Төртіншісі, Құран оқуға баулу.** Бұл — иман азығы ғана емес, өмірлік азық, өмірлік бағдар. Өйткені Құран — өмір ақиқаты баяндалған, өзгермес биік құндылықтар жинақталған қасиетті кітап. Құранды оқып үйрету ғана емес, оның мағынасын түсіндіру, баланы ондағы үкімдерге амал етуге бағыттау қажет. Құран оқушының дәрежесі Қияметте жоғары болатыны бұл дүниеде де, ақыретте де Құранмен

өмір сүрудің артықшылығын көрсетеді. Сондықтан тәрбие ісін ертерек қолға алған дұрыс. «Балаларыңды баулыңдар» деуі — бала жастан бастап діни және рухани тәрбие беру керектігін білдіреді.

Ата-ана баласының жүрегіне Пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) деген сүйіспеншілікті, Пайғамбар әулеті мен ұрпағына деген қадір-құрметті сіңіре алса, Құран рухымен тәрбиелесе, бала үшін дүниелік һәм ақыреттік нұр болмақ! Ал тәрбие — сөзбен емес, іс-әрекетпен үлгі көрсету арқылы беріледі. Бала тәрбиесіне қатысты осы керемет өсиетті мына хадистер толықтыра түседі: **«Сендерден ешкім, Алла мен Оның елшісін барлық нәрседен артық жақсы көрмейінше, мұмин болмайды»** (Бұхари). **«Үш нәрсе егер адамның бойында болса, Иман ләззатын табады: 1. Алла және Оның елшісін барша жаратылыстан артық жақсы көру; 2. Бір адамды жақсы көрсе — тек Алланың разылығы үшін жақсы көру; 3. Одан Алла құтқарғаннан кейін күнірілікке қайтып оралу — ол үшін, өзін отқа лақтырғаннан да жеккөрінішті болса»** (Бұхари). Бұл хадис иманның дәмін, шынайы рухани ләззатын сезіну үшін қажет үш негізгі шартты нақтылап береді. Хадистен алатын сабақтарымыз:

- Алла Тағала мен елшісін (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) барлық нәрседен артық жақсы көру — иманның өзегі, жұлыны. Өйткені Алла Тағала мен Пайғамбарға деген сүйіспеншілік адамды күнәдан тыйып, ізгілікке бастайды, жанын нұрландырады.
- Бұл махаббат, отбасы, дүние, нәпсі қалауы секілді, басқа барлық сүйіспеншіліктерден жоғары тұруы тиіс.
- Махаббат — тек сөзбен емес, бойұсыну, амал ету, сүннетке еру арқылы дәлелденеді.
- Алла разылығы үшін жақсы көру — ең таза, ең кемел жақсы көру. Ондай сүйіспеншілікте нәпсінің үлесі болмайды, яғни пайда іздеген, қарым-та күткен бақай есеп пен пенделік пәстіктен ада болады. Алла разылығы үшін жақсы көру — ең биік құндылықтарға негізделген сүйіспеншілік.
- Шынайы бауырмалдық дүниелік пайда үшін емес, тек Алла разылығы үшін болу керек. Сол себепті де мұсылмандар арасындағы сүйіспеншілік — жәннатқа жетелейтін себептің бірі.
- Күпірлікке қайтуды отқа тас-талудан да жек көру — иманды қорғау мен оны қадірлеудің ең жоғарғы деңгейі. Мұсылман кісі иманнан айырылудан жүрегімен де, санасымен де, бүкіл түйсік-сезімімен де қатты қор-

қуы тиіс. Адам бойындағы мұндай сезім — адамның қалтқысыз беріктігін, риясыз ықыласын білдіреді.

7. Бұл хадис адамның иманында сапа мен тереңдіктің қажет екенін үйретеді. Иман — жай сенім емес, ол — жүректе орныққан сүйіспеншілік, амалмен көрінетін берік байланыс. Шынайы иман иесі — иманнан рухани ләззат алады, ал оны жоғалтудан отқа түсуден бетер қорқады.

Бұл асыл сөздерден шығатын негізгі түйін:

- Балаларымызды Алла разылығы үшін жақсы көруіміз қажет.
  - Алла Тағала мен Алла елшісін бүкіл нәрседен, оның ішінде өзімізден де, артық жақсы көрмейінше, кемелдіктің ауылы алыс.
  - Осы сүйіспеншілікті балаларымыздың жүрегіне ендіре алсақ, тәрбие ісінің мақсатын орындағанымыз.
- Расында, адамның жүрегіне бұл сезімдер орнықпайынша, ол шынайы мұсылман болмайды. Адамның жүрегі Аллаға және Оның пайғамбарына (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) деген махаббатпен ғана жай табады, тынысы кеңейеді, кеселдерінен айығып, ішкі түйсік көзі (жүрек көзі) ашылады.

Алғадай ӘБЛҒАЗЫҰЛЫ

# ПАЙҒАМБАР МЕРЕЙТОЙЫН

## әлем елдері қалай тойлады?

БИЫЛ АДАМЗАТТЫҢ АСЫЛЫ МҰХАММЕД (ОҒАН АЛЛАНЫҢ САЛАУАТЫ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ПАЙҒАМБАРДЫҢ ТУҒАНЫНА 1500 ЖЫЛ ТОЛДЫ. АТАУЛЫ ЖЫЛҒА ОРАЙ ИСЛАМ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ҰЙЫМЫ (ИБҰ) СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІНІҢ КЕҢЕСІНДЕ «МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАРДЫҢ ТУҒАНЫНА 1500 ЖЫЛ ТОЛУЫН МЕРЕКЕЛЕУ» ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНЫ. ОСЫ ШЕШІМГЕ СӘЙКЕС КӨПТЕГЕН ЕЛДЕРДЕ ПАЙҒАМБАРДЫҢ 1500 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ӨТКІЗІЛДІ. СОЛАРДЫҢ БІРҚАТАРЫНА ТОҚТАЛСАҚ,

### АҚШ

Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) 1500 жыл толуын атап өту мақсатында АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында Ислам ынтымақтастығы ұйымының алкалы жиыны өтті. Іс-шарада әлемнің әр түкпірінен жиналған спикерлер Пайғамбар тұлғасының түрлі қырларын, сондай-ақ оның өміріне тоқталып, Алла елшісінің туғанына 1500



жыл толуын атап өту бастамасы жай ғана символдық құрмет емес, оның өнегелі өміріне негізделген шынайы үндеу екенін атап өтті. Сонымен қатар жиында Пайғамбар тағылымына сай діндер мен этностар арасындағы бейбітшілікті нығайту, нәсілдік кемсітумен күресу, жалған ақпаратты тойтару және Исламға қарсы үрейдің таралуына жол бермеу секілді тақырыптар тереңінен таразыланды.

### ТҮРКИЯ

Алла елшісінің 1500 жылдық мерейтойына орай Түркияда Мәуліт апталығы ұйымдастырылды. Апталықтың салтанатты ашылу рәсімі Бештепе ұлттық конгресс және мәдениет орталығында өтті. Салтанатты шараға Түркия президенті Режеп Тайып Ердоған қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Ол барша мұсылман үмбетін Мәуліт мерекесімен құттық-

тап, кешке арнайы келген қадірлі меймандарға ризашылығын жеткізді. Сондай-ақ ол Мәуліт апталығының ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) 1500 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылғанын атап өтті. Жиынға сонымен қатар 40-тан астам елден келген мүфтилер, беделді дін ғалымдары мен дін қайраткерлері, Түркия Дін істері басқармасының өкілдері қатысты. Мәуліт кешінде діни әндер шырқалып, ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) салауаттар айтылды.

### МЫСЫР

Мысырда да Пайғамбардың туғанына 1500 жыл толуына орай өткізілген мерекелік іс-шараға ел президенті Абдель Фаттах әл-Сиси қатысты. Сонымен қатар мерекелік жиынға Мысырдың үкімет



— Исламабадта өткен «Пайғамбар өмірі» халықаралық конференциясы. Аталған конференция биыл 50-рет өткізілді. Сонымен қатар үкіметтің тікелей тапсырмасымен елде Құран және Пайғамбарға арналған көрмелер, жарыстар мен қайырымдылық акцияларын ұйымдастырылды.

Елдері Dawat-e-Islami ұйымы (1981 жылы Пәкістанда негізі қаланған) Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) 1500 жылдығына орай «Әлем бойынша 1500 мешіт салу» бастамасын көтерді. Бастама тек мешіт салумен шектелмейді. Алла елшісінің әлемге жол көрсететін және мейірімге шақыратын үндеуін таратуға да бағытталып отыр.

### ИРАН

Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбардың туғанына 1500 жыл толуына орай Иранда онкүндік фестиваль өткізілді. Тегеран көлінде өткен «Қадірлі Иран» шарасы Иран бірлігі, музыкасы және ортақ мұрасына арналған онкүндік көрме-фестиваль ретінде ұйымдастырылды. Іс-шара әртүрлі қауымдастықтар арасындағы бірлікті нығайтуға бағытталды.

Айта кетейік, Стамбұлда өткен Ислам ынтымақтастық ұйымының кезекті отырысында Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбардың туғанына 1500 жыл толуын әлем елдері болып атап өтуді осы Иран мемлекеті ұсынған болатын. Сол себепті



бұл елде Пайғамбарды ұлықтауға арналған іс-шаралар жиі өтіп жатыр.

### ҚАЗАҚСТАН

Астанадағы Республикалық бас мешітте Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарымыз дүниеге келгеніне 1500 жыл толуына орай мәуліт жыры оқылды. Ігі шара II халықаралық Құран байқауы аясында ұйымдастырылды. Мәуліт барысында Пайғамбарымызға салауаттар айтылып, Құран аяттары оқылды. Мәуліт жырын мысырлық қари Махер Фарамауи, қазақ қарилары Серік қари Ахмет, Жұманазар қари Садырханов, Мұртаза қари Балахмет оқыды. Мәуліт дұғасын ҚМДБ

Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы жасады. «Уа, Жаратушымыз Алла Тағала! Өзіңнің ен сүйікті құлын, пайғамбарлардың мырзасы әрі соңғы мөрі, адамзаттың ардақ тұтар ұстазы, жер бетіне рақым етіп жіберілген Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаның құрметіне оқыған мәулітіміді қабыл ет! Бізді Пайғамбарды шынайы жақсы көрген, оның сүннетіне ерген, көркем мінезін үлгі тұтқан, насихаттарын орындайтын, тұлғасын шынайы құрметтей білетін, оған жиі салауат айтатын, қияметте шапағатына ие болатын үмбетінен болуды нәсіп еткейсің!» — деп дұға жасады Бас мүфти.

Дайындаған  
Әбу НАЗАР

### ҚҰРАН ІНЖУЛЕРІ

### ҚҰРАН ІНЖУЛЕРІ

### ҚҰРАН ІНЖУЛЕРІ



## «Исра» сүресі

СҮРЕ АТАУЫНДАҒЫ «ИСРА» СӨЗІ АРАБ ТІЛІНДЕ «ТҮННІҢ БІР БӨЛІГІН СЕРУЕНМЕН ӨТКІЗУ» ДЕГЕН УҒЫМДЫ БІЛДІРЕДІ. АЛ ШАРИҒАТ ТІЛІНДЕ ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ (ОҒАН АЛЛАНЫҢ САЛАУАТЫ МЕН СӘЛЕСІ БОЛСЫН) ТҮННІҢ БІР СӘТІНДЕ ӘЛ-ХАРАМ МЕШІТІНЕН ӘЛ-АҚСА МЕШІТІНЕ ЖАНЫМЕН, ТӘНІМЕН САПАР ШЕГУІНЕ ҚАТЫСТЫ АЙТЫЛАДЫ. «ИСРА» СҮРЕСІНІҢ ЕКІНШІ АТАУЫ «БӘНУ ИСРАИЛ» СҮРЕСІ, ӨЙТКЕНІ БҮЛ СҮРЕДЕ ИСРАИЛ ҚАУЫМЫ КЕҢІРЕК СӨЗ ЕТІЛЕДІ.

### РЕТТІЛІГІ, АЯТ САНЫ

Құранда реттілігі жағынан 17-сүре, аят саны — 111. «Қасас» сүресінен кейін Мекке қаласында түскен. Кейбір деректерде сүренің 32-33 және 57 аяттары мәдиналық деген пікір бар. Сүренің 109-аятында сәжде аяты келген. Құранның 15-парасында, 282-293 беттерде орналасқан.

### ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Бұл сүреде Исра және Миғраж оқиғасы, Ақса мешітінің мұсылмандар үшін ерекше орны, Алла Тағаланың жалғыздығы, барлық кемшілік сипаттан пәк екені, адам баласы өз жүгін қияметте өзі көтеретіні, пайғамбарлардың қауымдарға ескерту үшін жіберілетіні, Құран Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен

сәлемі болсын) пайғамбардың ұлы мұғжизасы екені және Құранның бөлшек-бөлшек болып түсу себебі т.б. айтылады.

### АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Мұсылмандардың анасы Айша (оған Алла разы болсын) анамыздан жеткен хадисте: «Алланың елшісі «Бану Исраил» («Исра»), «Зумәр» сүрелерін оқымай, ұйқыға жатпайтын», — деген (Термизи).

### ІНЖУЛЕРІ

«Ал енді бұдан былай, Алланың өздерінді үнемі көріп тұратынын жадында ұстап, тек игі істер істесеңдер, өздерің үшін жақсылық істегендерін, керісінше, жамандық атаулыға бой алдырсаңдар, оны да өздеріне істеген боласыңдар» («Исра» сүресі, 7-аят).

«Біз түн мен күндізді (құдіретіміздің, іліміміздің, білігіміз бен нығметіміздің шексіздігін көрсететін) қос белгі, қос дәлел қылдық (әрі екеуі үшін бір-бір белгіден жараттық). Содан Раббыларыңның өздеріне берер нығметтерін (рызық-несібелерінді) іздеп табуларың, әрі жылдардың саны мен уақыттың есебін біліп жүрулерің үшін түннің белгісі айдың жарығын өшіріп, орнына күндіздің белгісі күнді шуақ шашқан жарық еттік. Міне, осылайша барлық нәрсені орын-орнына қойып, жан-жақты ашып түсіндірдік» («Исра» сүресі, 12-аят).

«Кімде-кім хак дінді тандап, тура жолға түссе, сөзсіз өз пайдасы үшін тура жолға түскені. Ал кім адасса, өзінің зиянына (мандайының сорына) адасады. Біреудің күнәсін басқа біреу араламайды. Біреу үшін біреу жауапқа тартылмайды. Біз алдын-ала (ескертуші) пайғамбар жіберместен (күнәға батқаны үшін ешкімді және ешбір қауымды) азаптамаймыз» («Исра» сүресі, 15-аят).

«Раббың бір Өзіне ғана құлшылық етуді, ата-анаға барынша жақсылық жасауды үкім етті. Егер олардың біреуі немесе екеуі бірдей қолыңда қартайса, (оларды ауырсынып немесе жақтырмаған сыңай танытып) тіпті «Туу!» деп те кеюші болма, сондай-ақ оларға зекін ұрыспа! Керісінше, оларға жанға жағымды жылы сөз айт!» («Исра» сүресі, 23-аят).

«Олардың алдында барынша мейірімді, мейілінше кішіпейіл әрі тіл алғыш бол! Һәм олар үшін: «Уа, Раббым!

Олар мені бала күнімде қалай мәпелеп өсірген болса, Сен де оларды дәл солай мейіріміне бөлей көр!» — деп дұға ет» («Исра» сүресі, 24-аят).

«Расында, Раббың (белгілі хикметтерге байланысты әрі дүние сынақ мекені болғандықтан) қалағанына рызық-несібені молынан береді, қалағанына аз әрі өлшеп береді. Ол құлдарының барлық жағдаятынан толық хабардар, олардың жай-күйін анық көруде» («Исра» сүресі, 30-аят).

«Сондай-ақ жер бетінде кердендеп жүрме! (Сен өзінді қанша жерден мықтымын деп санасаң да күш-қуатың, білімің және қабілетің шектеулі болғандықтан) бәрібір, жерлі жара алмайсын, таулармен де бой теңестіре алмайсын!» («Исра» сүресі, 37-аят).

«Біз Құранда мүмкіндер үшін шипа Һәм рақым болатын аяттар түсіреміз. Алайда ол аяттар залымдарды тек одан сайын зиянға ұшыратуда» (Исра) сүресі, 82-аят).

«Уа, Мұхаммед) «Ант етемін! Егер күллі адамзат пен жындар дәл осы Құран сияқты бір кітап жазу үшін жиналса, тіпті сол мақсатта бір-біріне жан-жақты қолдау көрсетіп, күш біріктірсе де, бәрібір, дәл сондай кітап жаза алмайды», — деп айт» («Исра» сүресі, 88-аят).

Дайындаған  
Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ

Қазақстан мұсылмандары  
діни басқармасының  
ресми газеті



Меншік иесі:  
«Munara gazeti» ЖШС

Директор  
Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ  
(төраға)  
Кенжетай ДҮЙСЕНБАЙ  
Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫ  
Ермек МҰҚАТАЙ  
Ершат ОҢҒАР  
Смайыл СЕЙТБЕКОВ  
Батыржан МАНСУРОВ  
Нұрлан ҚАЙЫРБЕКОВ  
Жәнділла БЕКЖІГТОВ  
Марат ЖАППАСБАЕВ  
Ерболат ЖҮСІПОВ  
Бақдәулет АБДРАХМАНОВ  
Тәлеби ОСПАН  
Қуаныш СӘБИТ

Болатбек АБУ  
Асқар ЗӘКІРЖАНҰЛЫ  
Естай АЙТУҒАНҰЛЫ  
Дастан ҚҰРМАНБАЕВ  
Әнуар ЕЛЖАНОВ  
Самат ҚАНАТҚАЛИҰЛЫ  
Жолдас ҚОСПАҚҰЛЫ  
Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ  
Ержан ТӨЛЕПОВ  
Мадияр ПІРІМҚҰЛОВ  
Асқар МҰҚАНОВ  
Керімбек ДӘУІТОВ  
Қанат ҚЫДЫРМИН  
Бектұрсын УӘЛИЕВ  
Бейбіт ЖАНСАРИН  
Амантай САДИЕВ  
Думан НӘДІРҰЛЫ

Бас редактор –  
Серікбол ХАСАН

Шариғи редактор –  
Бауыржан ӘБДУӘЛІ

Жауапты хатшы –  
Елдар ҚАБА

Фототілші –  
Қайсар ТҰРЛЫБЕКОВ

Корректор –  
Жанель ӨТЕГЕН

Редакцияның мекенжайы:  
Астана қаласы,  
Қарасаз, 3  
«Munara» газетінің редакциясы

Пошта: munara@muftyat.kz  
Телефон: 8 (7172) 999866  
Жазылу индексі: 64747

Газет айына 2 рет шығады

Ақпарат және қоғамдық даму  
министрлігінің Ақпарат комитетінде  
08.10.2019 жылы тіркеліп,  
№КЗ26VP00015760 куәлігі берілген.

«Munara» газеті редакциясының компьютерлік  
орталығында беттелді.

#### ТАРАЛЫМЫ – 25 000

Тапсырыс: №1714  
Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 369  
«Гамма-Принт» ЖШС  
Тел: +7 (727) 247-98-30

Газетте жарияланған  
материалдарды сілтемесіз көшіріп  
басуға болмайды.

Басылымда Алла Тағаланың есімі мен Құран  
аяттары жазылғандықтан, газетті аяқасты  
етпеулеріңізді сұраймыз.